

ЖОЛДАУ – 2025



БАНК СЕКТОРЫН
РЕФОРМАЛАУ:

саланы қандай
өзгерістер күтіп тұр?

2

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №83 (6645) 19 қыркүйек, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

ТҰРҒЫНДАР ҚАУІПСІЗДІГІ –
басты басымдық



Шаһар басшысы Полиция департаментінің жаңартылған инфрақұрылымымен танысты

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында Ішкі істер органдарының қызметімен, департамент ғимараттарында жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарының барысымен, сондай-ақ жергілікті бюджет есебінен алынған жаңартылған техниканың жай-күйімен танысты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қауіпсіздікті арттыруға және полиция жұмысының тиімділігін көтеруге бағытталған заманауи автокөліктер мен арнайы құралдар көрсетілді. Әкім сондай-ақ, департаменттің Жедел басқару орталығында болып, бейнебақылау жүйесінің жұмысымен және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуде цифрлық технологияларды енгізу барысымен танысты.

Алматыдағы Жедел басқару орталығы 2000 жылдың желтоқсанында ашылып, Қазақстандағы алғашқы орталық болды. Бүгінде мұнда тәулік бойы 28 қызметкер жұмыс істейді. Жүйеге 53 мың камера қосылған, олардың ішінде бет-әлпетті тану функциясы енгізілген құрылғылар да бар.

Иелерінің келісімімен мұндай технологиялар ойын-сауық орындарында – барлар мен мейрамханаларда да орнатылады. Олар құқық бұзушылықтың алдын алуға және іздеуде жүрген азаматтарды анықтауға қолданылады. Жыл соңына дейін Target платформасына тағы 8 мың камераны қосу жоспарланған.

Дархан Сатыбалды қала тұрғындарының қауіпсіздігі басты басымдық екенін атап өтіп, полицияның материалдық-техникалық базасын нығайтудың және халықтың құқық қорғау органына деген сенімін арттырудың маңызын баса айтты.

Департаментті аралауға қала әкімі аппаратының басшылары, Алматы мәслихатының депутаттары және Полиция департаментінің басшылық құрамы қатысты.

МӘДЕНИ БАҒДАРЛАМА

МЕГАПОЛИС МЕРЕКЕСІ

Алматыда Қала күнінде қайда баруға болады?

Алматыда Қала күніне орай 200-ден астам іс-шара өтеді. Мерекелік бағдарламалар мегаполистің барлық сегіз ауданында ұйымдастырылады. Орталық алаңдарда үлкен сахна орнатылып, танымал артистер өнер көрсетеді. Ашық аспан астындағы барлық концерт пен мәдени бағдарламаға кіру – тегін. Негізгі мерекелік іс-шаралар 18–21 қыркүйек аралығында өтеді. Концерттік бағдарламалар соңғы жылдардағы дәстүр бойынша таңнан кешке дейін жалғасын тауып, алматылықтарға ерекше көңіл күй сыйлайды және Қала күні нағыз отбасылық мерекеге ұласады.

АШЫҚ АСПАН АСТЫНДА ТЕГІН
КОНЦЕРТТЕР ӨТЕДІ

Мерекелік іс-шаралар аясында оркестрлер, театр артистері, танымал әншілер қала ішінде арнайы автобуспен жүріп өтеді. Олар аялдамаларға, көпқабатты үйлердің ауласына және ашық алаңдарға тоқтап, тұрғындарды перформанспен таңғалдырады.

Артистер метро жолаушыларына да тосын сый дайындаған: вагон ішінде, беткестерде танымал артистер ерекше шағын-шоу көрсетеді, сондай-ақ бекеттерде Қала күніне арналған арнайы көрме ұйымдастырылады.



Жоғары классикалық музыка мен ұлттық дәстүрлі өнердің нағыз жанкүйерлеріне де айрықша көңіл бөлінді – мерекелік бағдарлама дәл осы жобалардан бастау алады. Сонымен қатар, жас әрі танымал орындаушылар мен халық артистері ерекше шығармашылық коллаборация ұсынбақшы. Айта кетейік, шаһар тұрғындары Қала күнін жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде атап өтеді.

Республика сарайының алдындағы Абай алаңында «Мұра» атты классикалық

музыка кеші ұйымдастырылып, ашық аспан астындағы сахнада әлемдік және қазақ классикасының жауһарлары – Штраус пен Пуччиниден бастап, Абай мен Хасанғалиевтің туындылары орындалуы жоспарланған. Көрермендерге жетекші опера әншілері, хор және балет әртістері өнер көрсетіп, еуропалық нәзіктік пен ұлттық музыканың байлығы тоғысқан тегін концерт-кеште ариялар, иірімі терең романстар орындалып, мереке үздік дауыс иелерінің шеруіне ұласады.

Суретті түсірген
Қайрат ҚОНЫСБАЕВ

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



ЭКОНОМИКА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 және 2025 жылғы халыққа Жолдауларында банк секторын реформалау және заман талабына сай жаңа заң қабылдау туралы бастама көтерген еді. Елдің қаржы-экономикалық жүйесі үшін маңызды әрі күрделі сала болғандықтан жаңа заңды қабылдау ұзаққа созылуда. Биыл қыркүйекте Мәжілісте ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі жаңа заңның жобасын таныстырды. Осыған орай мақалада агенттік ұсынған өзгерістерге талдау жасалмақ.



БАНК СЕКТОРЫН РЕФОРМАЛАУ:

саланы қандай өзгерістер күтіп тұр?

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБУЫ КЕРЕК

Банк секторын реформалау туралы экономистер мен қаржы саласының мамандары ұзақ уақыттан бері айтып келеді. Бұл мәселені Президент те халыққа Жолдауларында көтерді. Соңғы екі Жолдауды талдай келе, мемлекет банктердің қоғамдағы миссиясын өзгертуге бел буғанын байқаймыз.

Президент 2024 жылғы Жолдауда банктер туралы жаңа заң қажет екенін айтқан. Құжатта экономикалық белсенділікті қолдау және финтех саласын қарқынды дамыту сияқты өзекті мәселелер шешімін табуы керек екенін мәлімдеген. Бұл ұсыныс арқылы мемлекет банктердің қоғамдағы миссиясы мен рөлін өзгертуге тырысуда.

Осы уақытқа дейін екінші деңгейлі банктер қаржы топтарының халық есебінен табыс табу көзі ретінде әрекет етті. Инвестицияны нақты секторға емес, тәуекелі төмен бағыттарға құйғанды әдетке айналдырған. Бұған мемлекеттік қолдау тетіктерінің әлсіздігі де себеп болғанын айта кеткен жөн. Сондықтан тәуекелсіз табыс табу банктерге тиімді болды.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында Үкімет мүшелері 2025 жылы наурызда екінші деңгейлі банк басшыларымен кеңес өткізген. Онда келтірілген дерекке сүйенсек, еліміздегі банк активінің 21,2% ғана бизнесті несиелеуге жұмсалған. Керісінше, тұтынушылық несиелер көлемі соңғы жылда едәуір өскен. Мұның бәрі экономикалық белсенділікке кері әсер етеді. Сондықтан Президент саланы реформалауды ұсынды. Енді жаңа заң қабылданса, банктер елдің экономикалық белсенділігін қолдау және цифрландыру мен ЖИ салаларын дамытуға үлес қосуға бет бұрмақ.

Цифрландыру бағытында отандық екінші деңгейлі банктердің жетістігі аз емес. Сөзсіз Каспий банк бұл бағытта көшбасшы болып саналады. Соңғы жылдары өзге де банктер өз қызметтерін жаппай цифрландыруға көшті. Енді экономиканы несиелеу мен ЖИ саласына басымдық беру қажет.

ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫ:

САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ БАҒДАР
ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі ұсынған заң жобасы



қазіргі заңмен сандық және сапалық тұрғыда өзгеше.

2025 жылы 5 қыркүйекте Мәжіліс қарауына «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заң жобасы келіп түсті. Заң жобасы 9 бөлім, 23 тарау және 135 бапты қамтиды. Ал қолданыстағы заң 1995 жылы қабылданған. Ол 2 бөлім, 10 тарау және 78 баптан тұрады. Көріп тұрғанымыздай, ұсынылған заң жобасы бөлімі, тарауы және бап саны бойынша қолданыстағы заңға қарағанда көлемді.

15 қыркүйекте Мәжілістің Қаржы және бюджет комитетінің төрайымы Татьяна Савельеваның жетекшілігімен «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» заң жобасы мен оған қаржы нарығын реттеу мен дамыту мәселелері бойынша ілеспе түзетулердің таныстырылымы өтті.

Жиында Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрайымы Мәдина Әбілқасымова баяндама жасап, қолданыстағы заңның ескіргенін және 140 реттен астам өзгеріске ұшырағанын, соның салдарынан банк секторының заманауи талаптарға сай емес екенін және қаржы технологияларының қарқынды дамымай жатқанын атап өтті.

БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІК – БАНК МИССИЯСЫН ӨЗГЕРТУ

Заң жобасының негізгі ерекшелігі, жоғарыда атап өткеніміздей, банктердің миссиясын өзгерту. Агенттік төрайымы бұл заң жобасы банк ресурстарын экономиканы қаржыландыруға

белсенді түрде тартуға, бәсекелестікті арттыруға, қаржылық технологияларды дамытуға және цифрлық теңгенің құқықтық мәртебесін бекітуге, цифрлық активтерді реттеуге бағытталғанын айтты. Ал қолданыстағы заңның мақсаты басқа болған еді, ол – 1995 жылы тәуелсіз елдің тұрақты банк жүйесін құру үшін қабылданған. Бұдан бөлек, жобада мынадай ұсыныстар енгізілген:

• **Екінші деңгейлі банктерді лицензиялаулық жаңа тәсілдері енгізілмек.** Олар базалық және әмбебап банк лицензиялары. Базалық банк лицензиясы банк секторына жаңа қаржы институттарын құруды ынталандыру үшін ұсынылған. Бұл шағын банктерді мемлекеттік реттеу тетігі болып саналады. Мұндай банктерге мемлекеттік қадғалау жеңілдетіліп, есептілік аз болмақ. Осылайша бәсекелестікті арттыру көзделуде.

• **Цифрландыруға аса мән берілу-де.** Заңда цифрлық теңгенің құқықтық мәртебесі бекітілмек. Сондай-ақ, құжат цифрлық қаржы активтерінің айналымын реттейді, қаржы технологиялары мен экожүйені дамытуға мүмкіндік береді.

• **Тұтынушылардың құқығы артады.** Заң жобасында банк өнімдерін тұтынушының құқықтарын қорғау тетіктері енгізілген. Тұтынушының құқықтарын қорғау мақсатында қаржы омбудсменнің бірыңғай кеңсесін құру көзделген.

Осылайша заң жобасы банк секторын заман талабына орай реформалау үшін дайындалған деп қорытынды жасай аламыз. Құжатта маңызды ұсыныстар енгізілген. Соған қарамастан, жыл соңына дейін өзгерістер мен түзетулер енуі мүмкін. Себебі, екінші деңгейлі банктердің де пікірлері ескерілгені жөн. Әсіресе, «жүйелік маңызы бар банк» институты мен мемлекет тарапынан банктерді дағдарыс кезінде құтқаруға байланысты өзгерістерге банктердің көзқарасы өзгеше секілді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ПІКІР

Бақыт БАЙНИЯЗ,
Желтоқсан ардагері:

ЗАҢ МЕН ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚОҒАМ ҒАНА ӨРКЕНДЕЙДІ



Мемлекет басшысы Жолдауында мемлекеттің дамуының стратегиялық бағытын айқындап, қоғамның барлық саласы бойынша мәселелерді шешіп, даму-ды жалғастыруымыз қажет екенін көрсетіп берді.

Болашақта еліміздегі заң шығарушы орган – Парламенттің бір палаталы болуы керектігін түсіндірді. Бұған дейінгі қос палаталы парламенттің өз уақытындағы қажеттіліктен туғанын айтты. Сайлау елдегі партиялардың өзара бәсекелестігі негізінде өтпек. Менің ойымша, расында да елдегі заң шығарушы билік кәсіби болғаны абзал. Парламентке білімді, өз пікірі бар, керек емес заңдарға «жоқ», «шалалау» деп сөз айта алатын, өздері де мәселе көтеріп, ұсыныс айтатын білікті кісілер болса деймін. Бір мандатты сайлау жүйесін алып тастасақ, «мынаның көзі жақсы, мынаның сөзі жақсы» дегендей, мынау рекорд қойған спортшы еді, мынау атақты әнші еді деген сияқты жалпақшешейліктен арылар едік. Бір сөзбен айтқанда, парламент заң шығарушы кәсіби орган болғаны дұрыс.

Бүгінгі жас ұрпақ, ертеңгі ел тізгінін ұстайтындар жайлы да айтар датым бар. Президент Жолдауында: «Өскекең ұрпақтың бойындағы патриотизм – болашаққа деген шынайы ұмтылыс. Бұл қоғам санасында болып жатқан өзгерістің айқын белгісі. Жастардың күш-жігеріне, олардың дарыны мен біліміне сенемін. Жастар «Елді сүю дегеніміз – халыққа пайдасы тиетін жаңалық ашу, жаңа іс бастау» деп түсінеді», – деді. Дұрыс сөз. Ал осы жастарымыздың отансүйгіштігі, патриоттығы қай деңгейде? Ана сүтімен берілетін тәрбиесі, өз тілін меңгеруі қалай? Олай дейтінім, он жерден білімді де прогресшіл бола берсін, ұлы ойшыл айтқандай, «Тәрбиесіз берілген білім бекер кеткен дүние». Сол себепті де, жас ұрпақ өз ана тілінде, отансүйгіш болып өсуі керек. Қоғамымыздың алға жылжуы, өркендеуі өз қолымызда. Заң мен тәртіпке бағынған қоғам ғана өркендейді. Қазіргідей өтпелі кезеңде Мемлекет басшысының көрсеткен бағытынан таймай, қолдап, біртұтас ел боп алға жылжуымыз қажет.

Әзірлеген
Нұрлан СҮЙІН.



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН



«БАТЫС» ПОЛИОРТАЛЫҒЫ бірыңғай сәулеттік тұжырымдамаға сәйкес жетілдіріледі

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Алатау ауданындағы бірқатар нысанды аралап, «Батыс» полиорталығының дамуын талқылады.

Қаланың 2040 жылға дейінгі Бас жоспарында моноорталықты дамудан көпорталықты үлгіге көшу көзделген. Қаладағы іскерлік белсенділікті қайта бөлуге, орталық аудандардағы жүктемені азайтуға және жаңа өсу нүктелерін қалыптастыруға бағытталған полиорталықтардың бірі Алатау ауданында орналасады.

200 гектар аумақтағы «Батыс» полиорталығы аясында 9 жаңа балабақша, 6 мектеп, спорт кешендері, 70 гектарлық рекреациялық аймақ пен саябақ, 920 мың шаршы метр коммерциялық алаң және заманауи тұрғын үй құрылысы жоспарланған.

«Жобаны бірыңғай сәулеттік тұжырымдамаға сәйкес жетілдіру қажет. Жобалаушылардың өз мүддесі бар, олар көбірек тұрғын үй салғысы келеді. Біздің міндетіміз – тепе-теңдікті сақтай отырып, тұрғын үйдің тығыздығын азайту, полиорталық ядроларының жүргіншілер байланысын қамтамасыз ету. Мұнда қонақүйлер, іскерлік орталықтар, әлеуметтік нысандар болуы тиіс. Сонда аудан тартымды болады», – деп атап өтті шаһар басшысы Дархан Сатыбалды.

Сонымен қатар, әкім «Зерделі» шағынауданындағы 550 орынды жаңа мектеп құрылысына да барды. Асхана-сы, спорт залы, оқу кабинеттері, зертханалық және мультимедиялық сыныптары бар үш қабатты ғимарат 2024 жылдың шілдесінде салына бастаған. Алайда, алғашқы мердігер келісім-шартты орындамай, сот шешімімен адал емес деп танылды. Кейін жаңа мердігер анықталып, бүгінде нысандағы құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Қабырғалар тұрғызылып, шатыр орнатылды, ішкі әрлеу жұмыстары мен инженерлік желілер тарту басталған.

Дархан Сатыбалды мектеп құрылысын жыл соңына дейін аяқтап, сапалы материалдар қолдануды және оқу орнын заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз етуді тапсырды.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

АЛМАТЫ ТУРИЗМІ

жаңа белеске шықты

Алматы қаласы 2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында туристік қызмет көрсетуде айтарлықтай серпіліс жасады.

Қалалық туризм басқармасының мәліметінше, келген туристерді орналастырудан түскен табыс 50,1 млрд. теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда, 16,6%-ға өскен. Бұл көрсеткіш мегаполистің ішкі және халықаралық қонақтар үшін тартымдылығы артып келе жатқанын айғақтайды.

Бүгінде Алматыда туристерді қабылдауға арналған 377 нысан жұмыс істейді. Олардың нөмірлік қоры бір жылда 8%-ға өсіп, 12 552 бөлмеге жетті. Бір мезетте 22 768 төсек-орын ұсыну мүмкіндігі қаланың туристік орталық ретіндегі орнын бекіте түсуде.

Қалалық туризм басқармасының мәліметінше, Алматыға ішкі және шетелдік туристер тарапынан қызығушылық артып келеді. Жаңа жобалар жұмыс орындарын ашып, инфрақұрылымды жақсартып, демалысты қолжетімді әрі жайлы етуге мүмкіндік беріп отыр.

2025 жылдың басынан бері жеке инвестиция есебінен 34 жаңа нысан іске қосылды. Оның ішінде 11 қонақүй, 1 глэмпинг, 1 капсулалық қонақүй, 18 хостел және

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ЭНЕРГОЖҮЙЕНІ БАСҚАРУ

Шаһар басшысы цифрлық технологияларды енгізуді тапсырды

Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды жұмыс сапары барысында «Алатау Жарық Компаниясына» барды. Бұл компания Алматы қаласы мен Алматы облысындағы 4 миллионға жуық тұтынушыға электр энергиясын жеткізетін ең ірі тартушы мекеме саналады.

Шаһар басшысына кәсіпорынның қазіргі қызметі, іске асырылып жатқан жобалары және алдағы стратегиялық жоспарлары туралы «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Абай Асыллов баяндады. Дархан Сатыбалды өндірістік бөлімшелерді аралап, электр жабдықтарын жөндеу цехын, диагностикалық қызметті және апаттық жағдайларды жедел жоюға арналған жаңа техниканы көрді.

Сапар барысында соңғы жылдардағы инвестициялық бағдарламаның нәтижелері де талқыланды. Оның аясында 344 шақырымнан астам кабельдік желі тартылып, 129 трансформаторлық қосалқы бекет жаңғыртылды, шамамен 20 шақырым әуе желісі жаңартылды және жаңа электр нысандары іске қосылды. 2025 жылы 115 шақырымнан астам кабель желісін салу, 21 қосалқы бекетті жаңғырту және 15 трансформаторлық қосалқы бекетті заманауи кешенді-блоқтық үлгіге ауыстыру жоспарланып отыр.

Дархан Сатыбалды сенімді әрі үздіксіз электрмен қамту – тұрғындардың жайлы өмірі мен қаланың тұрақты дамуы үшін басты шарт екенін атап өтті. Сапар қорытындысы бойынша қала әкімі ескірген желілер мен қосалқы

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ХАТЛОННАН КЕЛГЕН ДӘМ

Алматыда Тәжікстан Республикасы тауар өндірушілерінің қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді

2025 жылдың 20–21 қыркүйегінде мегаполисте ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өтеді. Дәстүрлі шара Алатау ауданындағы «Алатау» театры алдындағы автотұрақ алаңында (Момышұлы және Универсиада көшелерінің қиылысы) ұйымдастырылады.

Бұл жолы жәрмеңкеге Тәжікстан Республикасының Хатлон облысынан келген тауар өндірушілер қатысады. 40 фермер Алматыға 200 тоннадан астам ауыл шаруашылығы өнімін әкеледі. Сауда сөрелерінде маусымдық жеміс-жидектер мен көкөністер, табиғи кептірілген жемістер, шығыс тәттілері ұсынылады.

Қала тұрғындары мен қонақтары өнімдерді тікелей өндірушілерден қолжетімді бағамен сатып ала алады. Ұйымдастырушылардың айтуынша, жәрмеңке Қазақстан мен Тәжікстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға, фермерлерді қолдауға және тұтынушыларды сапалы өніммен қамтамасыз етуге бағытталған. Алматылықтарды және қала қонақтарын жәрмеңкеге келіп, фермерлерді қолдап, жаңа өнімнің дәмін татуға шақырамыз.



бекеттерді жаңғыртуды жеделдету, халық тығыз орналасқан аудандарға ерекше назар аудару, күзгі-қысқы маусымға дайындықты күшейту қажеттігі секілді бірнеше нақты тапсырма берді.

Сонымен қатар, әкім компания басшылығына желілерді басқаруда цифрлық технологияларды енгізуді, апаттық жағдайларда халықты жедел ақпараттандыру үшін әкімдікпен өзара байланысты нығайтуды тапсырды. Ол жөндеу жұмыстарының сапасын арттыру және қайта құру кестесін қатаң сақтау қажеттігін ескертіп, кез келген кідірістің тұрғындардың тұрмысына тікелей әсер ететінін айтты.

«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»



Әуезов ауданы:

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢІСТІК ашылды

Алматының Әуезов ауданының 8-шағынауданында, Алтынсарин көшесінің бойындағы №37 үйдің жанында бұрын бос тұрған жер абаттандырылды. Бұл туралы аудан әкімдігі хабарлады.



Дана
БОЛАТҚЫЗЫ

Жобаны «Сұлтан құрылыс» ЖШС мердігер ұйымы 2025 жылғы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырды.

Жүргізілген көріктендіру жұмыстарының арқасында бос жатқан аумақ тиімді игеріліп, тұрғындардың серуендеуіне және демалуына арналған жаңа сквер салынды.

Абаттандыру барысында жаңа асфальт және жаяу жүргінші жолы төселіп, 27 заманауи шам, шағын сәулеттік нысандар орнатылды. Оның қатарында орындықтар, 16 метрлік орындық және әткеншекті пергола бар. Жасыл желекке оранған аумақта 180-нен астам ағаш пен бұта отырғызылды, 110 шаршы метрлік альпілік төбе, көгал мен жасыл шарбақ жасалды. Өсімдіктерге күтім жасау үшін автоматты суару жүйесі де орнатылған.

«Бұл сквер – тұрғындар бастамасы мен мемлекеттің қолдауының арқасында бос аумақтардың жайлы қоғамдық кеңістікке айналып жатқанының жарқын мысалы», – деді аудан әкімдігінің өкілі.

Бетті әзірлеген
Құралай ЖҰМАДИЛОВА.



ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ТӨРЛЕТ, BACKSTREET BOYS!

Бүгін Алматыдағы Орталық стадионда аты аңызға айналған әйгілі топтың концерті өтеді

Алматыда 19 қыркүйекте өтетін Backstreet Boys концертіне дайындық қызу жүріп жатыр. Күздің ең ірі мәдени оқиғаларының бірі болатын бұл іс-шараға шамамен, 27 мың көрермен жиналады деп күтілуде. Осыған орай қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбековтің төрағалығымен Орталық стадионда арнайы жиын өтті.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиынға полиция, ТЖД, жедел жәрдем, коммуналдық қызмет өкілдері, сондай-ақ қала басқармалары мен құрылымдық бөлімшелердің жетекшілері қатысты. Күн тәртібінде қауіпсіздік, санитария, логистика және техникалық жабдықтау мәселелері қаралды.

Концерт кезінде тәртіпті қадағалау үшін 2100-ден астам полиция қызметкері, 500 ұлттық гвардия әскері және 200 күзетші жұмылдырылады. Іс-шара алдында кинологтар аумақты тексеріп, инженерлік желілерді бақылаудан өткізеді. Көрермендер металл іздегіш рамалар мен сканерлер арқылы кіргізіледі.

– Абай даңғылы уақытша жабылады, көлік кептелісінің алдын алу үшін арнайы «змейка» түріндегі турникеттер қойылады. Сонымен қатар, алыпсатарлық пен заңсыз акцияларға қарсы күрес



шаралары күшейтіледі, нақты алгоритм дайын, – деді қала әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков.

Ол сонымен қатар, медициналық және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді тапсырды: стадионда жедел жәрдем көліктері мен өрт сөндіру бригадалары кезекшілік етеді, эвакуациялық жоспар әзірленген. Санитарлық талаптарға да баса мән беріліп, аумақты күн сайын тазалау, биоөңдеу жүргізу және санитаризерлер орнату міндеттелді.

Жиында еріктілердің жұмысы да арнайы сараланды. Қалалық жастар саясаты басқармасының басшысы Әзиз Қажденбектің айтуынша, концертке 150 ерікті тартылады. Олар тек 18 жас-тан асқан жастардан іріктеледі, әрқайсысына тегін тамақтану талондары беріледі.

Концертті ұйымдастырушы First Media Group компаниясының басқарушы серіктесі Альфия Нұрғұмарова алдыңғы тәжірибеге сүйене отырып, жаңа

шаралар қабылданғанын атап өтті:

– Дженнифер Лопестің концерті бізге үлкен сабақ болды. Осы жолы қауіпсіздік күшейтіліп, жаңашылдықтар енгізіледі. Билеттерді тексеретін қызметкерлер саны 100-ден 150-ге артты. Стадион аумағына қосымша бейнекамералар орнатылып, алаяқтық әрекеттерді хабарлау үшін сенім телефоны іске қосылады, нөмірі LED-экрандарда көрсетіледі. Волонтерлер саны да көбейтілді. Бұдан бөлек, фуд-корт аймақтары кеңейіп, көрермендерге тегін сұ таратылады, – деді ол.

Сондай-ақ, әртістерге барлық жағдай жасалады: арнайы грим бөлмелері бар шатырлы қалашық орнатылады. Meet & Greet жанкүйерлермен кездесу қарастырылмағанымен, стадион маңында топтың ресми мерч өнімдері сатылатын үш дүңгіршек жұмыс істейді.

Алматы мәдени іс-шараларды ұйымдастыруда жаңа деңгейге көтерілуде: қала «А» санатындағы концерттер өтетін алаңға айналып, оларды өткізудің жаңа стандарттарын қалыптастыруда – басты назар қауіпсіздікке, көрермендердің жайлылығына және ұйымдастыру сапасына аударылуда.

Айта кетейік, Backstreet Boys концерті Алматы күніне орай ұйымдастырылып отыр. Бұл мереке жыл сайын қыркүйектің үшінші жексенбісінде аталып өтеді, биыл ол 21 қыркүйекке сәйкес келеді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КВЕСТ

«ТАЗА ҚАЛА» –

интеллектуалдық жарыс

Жобаның басты мақсаты – қоғамда тұрақты экологиялық мәдениетті қалыптастыру, азаматтарды табиғатты қорғау бастамаларына тарту, жас ұрпақты табиғатқа ұқыпты көзқарасын жетілдіру және күнделікті өмірде экологиялық дағдыларды енгізуге ықпал ету.



Дана
САДЫРҚАН

Алматыда мектеп оқушылары арасында ерекше квест өтті. Бұл интеллектуалды жарыс қоршаған ортаны, таза қала мен жайлы қоғамды арқау етті. Қоғамдық даму орталығы бастамашылық еткен қызықты жоба «Taza Qala» экологиялық бағдарламасы аясында жалпы білім беретін мектептедің 8-сынып оқушылары арасында командалық ойын түрінде ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Іс-шара барысында қаланың мектептерінен әр топта 5 оқушыдан 10 команда квест алаңында экологиялық тапсырмаларды орындап, табиғатты қорғау, қоқысты сұрыптау, энергияны үнемдеу және экологиялық өмір салты тақырыптары бойынша білімдерін паш етті. Ойын түрінде ұйымдастырылған кезеңдерде оқушылар командалық жұмыс, логикалық ойлау және көшбасшылық қабілеттерін дамытты. Квест қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды.

– Бүгінгі квест маған өте ұнады. Осындай сайыстарға әрдайым қатысып, жеңімпаз атану – мақсаттарымның біріне айналды. Мұндай іс-шаралардың арқасында біздің экологияны қорғауға деген күш-жігеріміз арта түседі. Бізге табысталған марапаттар бойымыздағы

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Самал
АБИЛОВА,
Іле Алатауы
мемлекеттік
ұлттық табиғи
паркінің
эколог-
ағартушысы:



Табиғат-ананы аялау –
біздің парызымыз

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясының аясында мұндай іс-шараларды жиі ұйымдастырамыз. Мектеп оқушыларынан бастап студенттер мен қала тұрғындары белсенді атсалысады. Мақсатымыз – келешек ұрпақты жастайынан табиғатты аялауға, қорғауға тәрбиелеу.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ерекше қорғауға алынады. Экологиямызды сақтап, Табиғат-Ананы аялау, болашақ ұрпаққа мұра ретінде табыстау – біздің парызымыз. Бүгінгі іс-шараға 10 мектептен 10 топ қатысты. Алматы қаласы басқармасының ұйымдастыруымен өткен сайыста туризм инженерлері, табиғатпен тікелей қарым-қатынас орнататын орталық мамандарымен және орман қорғаушылармен бірігіп, әділқазылық еттік. Жеңімпаздар мадақтамалар, түрлі сыйлықтармен марапатталды.

ынта мен қызығушылықтың оянуына ықпал етті. Қоршаған ортаға жанашырлықпен қарап, оны іс-әрекетімізбен көрсету арқылы басқалары бізден үлгі алады деп ойлаймын, – деді жеңімпаз Оразалы Смағұлұлы.

«Таза Qala» – жас ұрпақтың табиғатқа жанашырлық сезімін арттыруға, күнделікті өмірде экологиялық дағдыларды қалыптастыруға және жауапты азамат болып өсуіне ықпал ететін маңызды бастама.



УРБАНИСТИКА

БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

Ғалымдар алып мегаполистің келешегін талқылады

Қазақ бас сәулет-құрылыс академиясының (ҚазБСҚА) бас ғимаратында «Алматы қаласының тұрақты дамуы урбанистика тұрғысынан» деп аталған «дөңгелек үстел» өтті.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясының бастамасымен ұйымдастырылды. «Дөңгелек үстелге» ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА Президенті Ақылбек Күрішбаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шаханов, Халықаралық білім беру корпорациясының ректоры Бақтияр Сабденалиев, сондай-ақ профессорлар мен ғалымдар тобы қатысты. Жиын Алматының тұрақты дамуының негізгі бағыттары бойынша заманауи ғылыми тәсілдерді, аналитикалық деректерді және практикалық ұсыныстарды талқылау мақсатында ұйымдастырылды.

– Алматы – еліміздің экономикалық көшбасшысы, ғылым мен білімнің орда-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

сы. Бірақ қазір мегаполис теңгерімсіз дамудың құрсауында қала ма деген қауіп бар. Қалаға шамамен, 400 мыңға жуық көлік кіріп шығады. Экология мәселесі де мәз емес, экология нормалары ДДСҰ белгілеген шектен 5 есе жоғары.

Бұл сын-қатерлер жүйелі шешімді қажет етеді. Біз енді болған істің салдарымен күреспей, болашағымызды жоспарлауымыз керек, – деді Ақылбек Күрішбаев.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары

Бейбіт Шаханов қала басшылығы ғылыми қауымдастықты әрдайым қолдауға дайын екенін атап өтті.

– Қазір 2040 жылға дейін есептелген қаламыздың Бас жоспары заманауи әдістермен жүзеге асырылып жатыр. Оның ішінде полиорталықтарды дамытуға баса мән береміз. Мегаполис бүгінгі күні стартап, IT, креативті индустрия бойынша алдыңғы орында. Бас жоспарда ғылым, медицина, туризм, бизнес кластері де қарастырылған. Алматы қаласын ғылым мен бизнес үйлескен орта ретінде көргіміз келеді. Айта кетейік, еліміздегі ғылыми ұйымдардың 40%-ын құрайтын 134 ұйым Алматыда шоғырланған. Қала әкімдігі ғылымның дамуын одан әрі де қолдауға дайын, – деді Бейбіт Шаханов.

«Дөңгелек үстелде» урбанистикалық бастамаларды жүзеге асырудың нақты тетіктері қарастырылды. Олардың ішінде сәулет, цифрландыру, экология, көлік және сейсмикалық қауіпсіздік мәселелері бар. Жиын қорытындысы бойынша сарапшылар қауымдастығының Алматының тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған ұсыныстарынан ғылыми техникалық тапсырма әзірленді.

ДИАЛОГ АЛАҢЫ

«ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАР КҮНІ»

тұрғындардың талап-тілегін жедел шешуге мүмкіндік береді

Әуезов ауданында тұрғындарға мемлекеттік қызметтерді барынша қолжетімді етуге бағытталған ерекше іс-шара – «Қызмет алушылар күні» ұйымдастырылды.



Аяжан
СЕРІКҚЫЗЫ

Бұл күні азаматтар мемлекеттік мекемелердің табалдырығын тоздырмай-ақ, бір жерден бірнеше қызмет түрі туралы толыққанды ақпарат алып, көкейіндегі маңызды сұрақтарына мамандардан тікелей жауап алу мүмкіндігіне ие болды.

Іс-шараны Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті

мен аудан әкімдігі бірлесіп өткізді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, басты мақсат – халықтың мемлекеттік қызметтер туралы хабардарлығын арттыру, қызмет сапасын жақсарту және азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты нығайту. Мұндай іс-шаралар халықтың сұранысын ескеріп, мемлекеттік қызметтерді барынша ашық әрі қолжетімді етуге бағытталады.

Сондай-ақ, ол тұрғындарға тек кеңес беріп қана қоймай, мәселелерін жедел шешуге мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, іс-шара аясында вакансиялар жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Қазіргі таңда оқуын бітіріп, жұмыссыз жүрген немесе NEET санатындағы жастар өздеріне қажетті мамандықтар бойынша бос жұмыс орындары туралы ақпарат ала алады. Бұл – іс-шараның тағы бір маңызды бөлігі.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Айгерім ИСАЛИЕВА, Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас инспекторы:

Мақсатымыз – халықты ақпараттандыру

Бұл күннің басты ерекшелігі – аудан тұрғындары мен қала қонақтарына көкейіндегі маңызды сұрақтарына жауап алу мүмкіндігін беру. Кей жағдайда азаматтар белгілі бір мәселені жұмыс барысымен шеше алмай жатады. Осындай кезде біз тегін кеңес беріп, аудан және қала деңгейінде көрсетілетін барлық мемлекеттік қызмет түрлерімен таныстырамыз. Біздің негізгі мақсатымыз – халықты ақпараттандыру. Өйткені, көп адам қандай мемлекеттік қызмет түрлері бар екенін біле бермейді. Осы іс-шара арқылы біз оларға бұл қызметтердің бар екенін, құжаттарды қалай тапсыруға болатынын, қажетті қызметті қалай алуға болатынын түсіндіреміз. Мұндай таныстыру іс-шараларын дәстүрлі түрде жылына екі рет өткіземіз.

Биылғы бірінші іс-шара ақпанда Әуезов аудандық «Азаматтарға арналған үкімет» корпорациясының филиалында өткен болатын. Ал осы жолы адам көп шоғырланатын сауда ойын-сауық орталығын таңдадық. Біздің бөлім спорттық разрядтар беру қызметін көрсетеді. Қала және аудан тұрғындары, әсіресе, жастар, спорттық разряд алу үшін құжаттарын «Азаматтарға арналған үкімет» арқылы тапсырады. Құжаттар қабылданған соң, аудан әкімінің өкімімен разряд беріледі. Бұл – спортпен кәсіби түрде айналысқысы келетін жастар үшін үлкен мүмкіндік. Себебі, спорттық разрядтар болашақта жаттықтырушы болу немесе спорт шебері дәрежесіне жету үшін қажет.

Мысалы, үшінші жасөспірімдер разряды аудандық немесе қалалық деңгейде өткен жарыстарға қатысып, қажетті ұпай жинаған жағдайда беріледі. Спорт мектебі тиісті хаттаманы ұсынып, біздің әкімдікке жолдайды. Құжаттар түскеннен кейін он жұмыс күні ішінде біз бұл қызметті көрсетеміз. Кейін ол спортшы екінші, бірінші разряд алып, уақыт өте келе жаттықтырушы немесе спорт шебері атағын иеленуі мүмкін. Мұны біз жастарды қолдау жолындағы маңызды қадам деп санаймыз.

Данияр НҰРЛАНҰЛЫ, Әуезов ауданы мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы:

Декларацияны дұрыс рәсімдеудің нақты қадамдарын түсіндіреміз

Тұрғындардың басым бөлігі декларацияға қатысты сұрақтар қойып жатыр. Қазір декларация тапсыру – өте өзекті тақырып. Өкінішке қарай, көпшілік декларацияны қалай дұрыс толтыру керектігін толық білмейді, құжаттардағы ұсақ қателіктер жиі кездеседі. Сондықтан біз осындай кездесулерде тек кеңес беріп қана қоймай, адамдарға декларацияны дұрыс рәсімдеудің нақты қадамдарын түсіндіреміз. Мұндай түсіндіру жұмыстарының нәтижесі айтарлықтай оң болып отыр. Былтырмен салыстырғанда, биыл декларацияны уақытылы тапсыратындар саны көбейіп, заң бұзушылықтар азайған. Бұл халықтың қаржылық сауаттылығының біртіндеп артып келе жатқанын көрсетеді.



КИНОКЕҢІСТІК

«ЖЕРҰЙЫҚ» КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Жуырда «Жерұйық» көркем фильмі жұрт назарына ұсынылды. Фильм – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі режиссер,

сценарист әрі продюсер Сламбек Тәуекелдің туындысы.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Дана
САДЫРҚАН

12 қыркүйек – Қазақ киносы күні. Ұлттық кинематографияның қалыпта-суы мен дамуының, 90 жылдан астам тарихының символы. Бұл жылдар ішін-де қазақ киносы халқымыздың рухани болмысы мен мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналып, көптеген классика-лық туындыларды жарыққа шығарды. Бүгінгі күні ұлттық кинематография

жаңа буын режиссерлер мен актер-лердің шығармашылығымен толығып, жаңа белестерге жол ашуда.

Ұйымдастырушы-басшы ғана емес, режиссер, сценарист және продюсер ретінде қазақ киносына өлшеусіз еңбек

сіңірген Сламбек Тәуекел есімі қазақ киногерлері мен көрерменіне кеңінен мәлім. Ол Мәскеудегі Жоғары режис-серлік курсты тәмамдаған соң бүкіл са-налы ғұмырын ұлттық кино өнерін да-мытуға арнаған. Шәкен Айманов

ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

ТАҒДЫР ШЫҢДАҒАН ҒҰМЫР

Өшпес естелік

1920–1930 жылдар – қазақ халқы-ның жан жарасына айналған сұрапыл шақ еді. Елді аштық жайлап, жоқшылық пен қасірет халықты теңселткенде қара жердің қойнына кіргендердің санын ешкім санап бітпеді. Еңіреген елдің үні, ашыққан халықтың зары әлі күнге дейін тарихтың тереңінде жаңғырып тұр.

Семей облыстық архивінде сақталған бір фотосурет сол ауыр кезеңнің айғағын-дай. Суретте – әбден ашыққан қазақтар, олардың алдында бірнеше күн бұрын қайтыс болғандардың ақ матамен орал-ған мүрделері жатыр. Төменде мынадай жазуы бар: «Семей. Қыс. 1933 жыл. №6 барак тұрғындары 4 күн бұрын қайтыс болғандардың жанында».

Ол кезде Зекен небәрі 8 жаста еді. Әкесі сәби кезінде-ақ сырқаттанып қай-тыс болды. Сондықтан «бақытты балалық шақ» деген ұғым оған бұйырмады. Әлі балдырған күнінде-ақ Зекен ерте есейді. Анасының қолынан жетектеп, Қытайға ауа көшкен қазақтардың арасында бол-ды. «Жұмыс табамыз, күн көреміз» деген жұрттың соңынан ерді. Бірақ жол бойы аштықтан, аурудан қаза тапқандарды жерлеп отыру – ол үшін өшпес естелікке айналды.

Жүрегі мейірімге толы жандар қай кезеңде де көп қой. Зекеннің өмір жолын-да үнемі ізгі жандар кездесіп отырды. Бұл – өмірдің заңы сияқты. Қиын-қыстау ке-зеңдерге қарамастан, ол еш мойымады. Қиындыққа тура қарап, әрдайым жеңіп шығатын қайсар мінезімен ерекшеленді.

Майданға аттанған бозбала

Соғыс өрті тұтанғанда Зекен Әділбе-ков небәрі 17 жаста болатын. Аудандық әскери комиссариатқа өзі барып, май-данға сұранады. Ұзын бойлы, арық қана бозбаланы әскери комиссарлар бірден алғы шепке жібермей, әскери-жаяу әскер училищесіне оқуға қабылдайды.

Алайда, ол курсты аяқтап үлгермеді. Әлі командирлік сабақтарға да жетпеген шақта, 1942 жылы курсанттарды Харьков түбіндегі қанды шайқасқа аттандырады. Кейіннен олардың бағыты өзгеріп, Мәс-кеу түбіндегі Шёлково қаласына жеткізі-леді. Мұнда 13-гвардиялық әуе-десант бригадасы жасақталып жатқан еді. Осы жерде бір жылдық дайындықтан өткен жас сарбаз 16 рет парашютпен секіреді.

Ал 1944 жылдың маусымынан бастап қатардағы жауынгер Әділбеков Карель майданында соғысып, ерлігі үшін I дәре-желі «Отан соғысы» орденімен марапатта-лады.

Майдан даласында ол барлаушы ма-мандығын меңгеріп, жау тылына бірнеше рет жасырын рейд жасады. «Тіл» әкеліп, құнды мәлімет жеткізген сәттері көп бол-ды. Оның батылдығы үшін марапаттары да аз болған жоқ. Батыс Украина, Бела-русь, Венгрия жерін азат етуге қатысып, «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін ие-ленді. Бұл марапатты оған бүкіл полк сап-қа тұрғызылған сәтте Кеңес Одағының Батыры, полковник Даниленко өз қолы-мен табыстады.

Австрия жерінде болған кескілескен шайқастарда 26 мың кеңес жауынгері қаза тапты. Сол майданда Зекен Әділбе-ков те ажал аузынан аман қалды. Деген-мен, жаудың оқ-дәрісі оның аяғына тиіп, сүйегін талқан етті. Жаралы сарбазды жолдас барлаушылар плащ-палаткаға салып, қауіпсіз жерге жеткізіп, өмірін сақ-тап қалды.

Бұл кезде Берлин алынған, Жеңіс күні жақындап қалған шақ еді. Жан-жағында мерекелік шаттыққа бөленген сарбаздар, алайда Зекеннің ойында бір ғана сұрақ тұрды: «Жауды жеңдік, енді өз дертімді жеңе алам ба?» деген күдік. Бірақ ол жі-герін жанып, асқан қайсарлық танытты. Жаралы аяғы біршама жазылып, қайта жүріп кетті. 1945 жылдың қараша айында ол әскер қатарынан денсаулығына байла-нысты босатылды.

Елге қызмет

Жеңістен кейін туған ауылына оралған Зекен Әділбеков қарапайым колхозшы болып еңбекке кіріседі. Қай істі де алдың-ғы қатарда жүріп, белсенділігімен, талап-шылдығымен көзге түскен ол көп ұзамай колхоз комсомол ұйымының хатшысы болып сайланады. Жастарды еңбекке жұ-мылдырып, комсомол-жастар бригадала-рын құрып, социалистік жарыс пен ком-мунистік еңбек ұжымдары қозғалысын өрістетеді. «Комсомол прожекторы», «Молния» деген секілді түрлі ұран-плакат-тар арқылы колхоз өміріндегі жақсы іс-терді де, кемшіліктерді де ашық көрсетті. Сөйтіп, Зекен бастаған комсомол ұйымы-ның даңқы бүкіл өңірге жайылды.

Көп ұзамай оны аудандық комсомол

атындағы «Қазақфильм» киностудия-сында өндіріс бөлімінің бастығы, ди-ректордың орынбасары қызметтерін атқарып, кейін 17 жылдан аса уақыт бойы студияны басқарып, оның дамуы-на үлкен үлес қосты.

Сламбек Тәуекел – ұлттық киноны жаңа деңгейге көтерген, халықаралық аренадағы беделін арттырған, көптеген жас кинематографистердің шығарма-шылық жолын ашқан тұлға.

– Бұл фильм өздігінен дүниеге келд-деуге болады. Өйткені, Қазақстан – жер аударылған халықтардың да мекені. Адамдар Кавказдан да, Қиыр Шығыс-тан да осында жер аударылды. Бірақ мұнда келгендер бір-бірін жақсы түсінді, өйткені олардың тарихы ортақ еді. Шынымды айтсам, өте жақсы ара-ласып, бір-бірімен достықта өмір сүрді. Бұрын да айтып жүретінмін, Қазақстан да, Петербург те – түркілік топқа жақын. Әрине, мен басқа республикалар тура-лы жаман сөз айтқым келмейді. Бірақ Қазақстан қай жерде жүрсем де, бізге әрдайым ерекше құрметпен қарады. Бұл маған әрқашан ыстық әсер қалды-рады, – деді «Жерұйық» фильмінің сценарий авторы Лаврентий Сон.

Көрерменге жол тартқан «Жерұйық» көркем фильмі – қазақ даласының те-рең философиясын ашып қана қоймай, режиссердің шығармашылық мұрасын дәріптейтін ерекше туынды. Бұл көр-сетілім – режиссердің өнерге деген адалдығы мен отандық кинематогра-фияға сіңірген еңбегіне құрмет білді-рудің айрықша белгісі.

комитетінің аппаратына нұсқаушы етіп шақырды. 1952 жылы партия қатарына қабылданған жас коммунист еңбек жо-лын жалғастырып, Үржар аудандық пар-тия комитетінде нұсқаушы, кейіннен әр-түрлі колхоздардың партия ұйымын басқарды.

Әсіресе, артта қалған Калинин атын-дағы колхозды өрге сүйреп, ауданның алдыңғы қатарлы шаруашылығына ай-налдырды. Бұл жолда оған майдан дала-сында шыңдалған қайсарлығы мен ұйым-дастырушылық тәжірибесі демеу болды. Сонымен қатар, Семей зооветеринарлық институтын тәмамдап, біліктілігін арттыр-ды.

Ізгі жол

«Еңбек етсең – нәтижелі ет» деген қа-ғидасын берік ұстанған Зекен Уалханұлы-ның қажырлы еңбегі лайықты бағаланды. Ол Үржар ауданының Құрметті азаматы, Семей облыстық кеңесінің депутаты атан-ды. Кеудесінде әскери марапаттарымен қоса, «Құрмет белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордені және «Еңбек ерлігі үшін» медалі де жарқырады. Кейін оған «Қазақстан Рес-публикасының ерекше еңбегі үшін зей-неткер» мәртебесі берілді.

Зейнет жасына шықса да, ол қоғамнан қол үзген жоқ. Алматыға қоныс аударған-нан кейін де қоғамдық шаралардың бел ортасында жүрді. Жеңіс күні, Қарттар ай-лығы, «Жақсылық апталығы», ардагер-лердің мерекелік фестивальдері – барлы-ғына қатысып, елдік рухты көтеруге атсалысты. Қаланың қоғамдық өміріндегі белсенді қария ретінде құрдастарымен де, кейінгі буын жастармен де тығыз бай-ланыс орнатқан еді.

• **Зекен Уалханұлы – азаматтықтың асқақ үлгісі, ел тәуелсіздігінің қалып-тасуындағы және еліміздің болашақ-қа нық қадам басуындағы ардагерлер қозғалысының рөлін айқын көре біл-ген жан еді. Оның ғұмыры – бір дәуірдің шежіресі, тағдыры – пат-риоттықтың мәңгі өшпес бейнесі. Зе-кен Уалханұлының өмірі мен еңбегі – елінің жүрегінде, ұрпағының санасында мәңгілік өнеге болып қала берері сөзсіз.**

Ганигүл ҚАРАТАЙ,
Алмалы ауданы
Ардагерлер кеңесінің мүшесі.



ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҮЛКЕН АЛМАТЫ КАНАЛЫ:

жаңғырту жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр?



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматы жұртына жақсы таныс Үлкен Алматы каналы соңғы жылдары қараусыз қалып, қаңырап бос тұрған еді. Маусым айында қала әкімі Дархан Сатыбалды Түркісіб ауданына жұмыс сапары барысында бірнеше нысанды аралап, тұрғындар үшін маңызды жобаларды көріп шықты. Солардың қатарында Үлкен Алматы каналы да бар.

Әкім арнаны күрделі жөндеуден өткізу жобасын қарап, мұнда жағажай аймақтарын абаттандыруды, жаяу жүргінші және велосипед жолдарын салуды, гидротехникалық құрылыстар мен көпірлерді қалпына келтіруді тапсырған болатын. «Назарды арнаға аударайық. Су жібереміз. Қажет болса, қосымша абаттандыру жүргіземіз. 7-8 жылдан бері құрғақ тұр. Алатау ауданында кей жерлері қираған, кейбір тұстары топырақпен толып қалған. Мұның бәрін тазарту қажет», – деген еді шаһар басшысы.

Қала әкімінің тапсырмасынан кейін не өзгерді? Үлкен Алматы каналында жүйелі жұмыстар басталды ма? Арнаны қайта жаңғырту жұмыстары қалай жүргізіліп жатыр? Осы сауалдарға жауап іздеп, Үлкен Алматы каналын аралап қайтқан едік...

Жүйелі жұмыс, тынымсыз еңбек

Біз каналдың бүгінгі жай-күйін өз көзімізбен көріп қайту үшін ҮАК бойымен Сүйінбай көшесінен бастап Қазыбаев көшесіне дейінгі аралықты аралап, тұрғындармен тілдесіп қайттық.

Баум тоғайы маңында кездескен волонтер әйелдің айтуынша, арнаның жыл өткен сайын сиқы кетіп барады. «Қазір мұнда үлкен құрылыс жұмыстары жүріп жатыр. Жағалауды айтпағанда, осы кезде тоғайдағы қоқысты тазалап жүр. Жарық жоқ еді, арызданған соң ғана шамдар орнатылды. Бірақ қауіпсіздік мәселесі шешілмеген. Иттер көп жүреді, полиция пункттері алынып тасталған. Күндіз де, кеште те қорқынышты, – дейді ол.

Зейнеткер Гүлнәр апай да каналдың қараусыз жатқанына қынжылатынын айтады: «Кішкентай кезімізде мұнда пляж болатын, суға шомылатынбыз. Ал қазір тіпті серуендеуге қолайсыз. Қуантатыны, жаңа әкім келгелі құрылыс жұмыстары басталыпты, айналаны түгел қоршап қойды. Ішіне үңілсек, құрылыс жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Болашақта жайлы демалатын орын болатын шығар деп күтіп жүрміз. Жұмыс аяқсыз қалмай, тұрғындардың үміті ақталса екен деген тілек бізде», – дейді ол.

Міне, біз темірмен қоршалған арнаның аумағына енген сәтте алдымыздан нағыз еңбектің қайнаған ортасы көрінді. Әр тұста 4-5-тен топтасқан жұмысшылар жерге төселген ескі бетондардың орнына жаңасын қалт жібермей ауыстыруда. Айналаны қалың шаңға бөлеп, зуылдап өткен КамАЗ-дар тоқтаусыз қатынауда. Арна бойына тігіліп,

уақытша үйге айналған киіз үйлердің ішінде жұмысшылар жата-жастана тынымсыз еңбек етіп жатыр. Бұл көрініс – қарбалас құрылыс ырғағын, үлкен істің екпінін айқын сездірді.

Учаске басшысы **Руслан Исенқараевтың** айтуынша, ҮАК-тағы жұмыстар қарқынды жүріп жатыр. Қазіргі таңда шамамен, 1,5 шақырымдық учаскеде құрылыс-монтаж жұмыстары атқарылуда.



Болашақта бұл аумақта тамаша демалыс орындары бой көтеретін болады. Мұнда пляж аймағын абаттандыру, инженерлік желілерді тарту, жарық шамдарын орнату, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін қою қарастырылған. Сонымен қатар, каналдың түбін демонтаждау, бетондату, гидротехникалық құрылыстарды жөндеу, яғни су ұстайтын қабырғаларды әрлеу жұмыстары жүргізілуде. Көпірлер мен пирстерге де толық жөндеу жасалады. Бүгінгі күні олардың демонтажы аяқталған, қайта құрастыру жұмыстары басталған. Жалпы, учаскеде 37 жұмысшы еңбек етуде, оның ішінде 24-і бетоншы және арматуршы, 10-ы – әртүрлі қосалқы жұмыстарды атқаратын жұмысшылар. Сондай-ақ, учаске басшысы, прораб және қойма меңгерушісі бар.

Руслан Әділбекұлының айтуынша, қазіргі таңда бетондау жұмыстары 70–80 пайызға орындалған. Инженерлік желілер тарту ісі де басталып кеткен. Барлық жұмыстардың 60–70 пайызы аяқталған. «Құрылыс қарқыны жоғары. Біз негізгі жұмыстарды алдағы үш айдың ішінде, қыстың басталуына дейін толық аяқтауды жоспарлап отырымыз», – дейді жауапты маман.

Қайта түлер күн жақын

Әрі қарайғы учаскелерде де дәл осындай қыбырлаған тіршілік. БАК бойын жағалай жүріп, Жетісу ауданына қарасты «Құлагер» ықшамауданына да жеттік. Бұл тұста да арна биік темір қоршаулармен жабылыпты. Бергі бетінде Жетісу ауданы әкімдігі мен Халыққа қызмет көрсету орталықтары бой түзеп, айналаға қалалық әсем рең беріп тұр. Аумақтағы «Гүлдер» саябағы көкке оранып, жасыл желегімен жанға жайлылық сыйлайды. Әр тұстағы ағаш көлеңкесіне қойылған

орындықтарда тұрғындар мамыражай күйде тынығып отыр. Бірақ біздің басты мақсатымыз – каналдағы құрылыс жұмыстарына шолу жасау. Сондықтан ұзақ аялдамай, «Қолайсыздық үшін кешірім өтініміз» деген жазуы бар қоршаудан асып, арғы бетке өттік. Мұнда да тынымсыз еңбектің ырғағы байқалды. Шаңға көміліп, күнге қарамай жұмыс істеп жатқан адамдардың әр қимылы арнаның қайта түлер сәті жақын екенін айғақтап тұрғандай.



ҮАК-тағы жалпы құрылыс барысы жөнінде жауапты учаске басшысы **Айбар Дубәкіровтің** әңгімеге тарттық.

– Каналдың ұзындығы – 23 шақырым 100 метр. Ол Медеу, Жетісу, Түркісіб және Алатау аудандарынан өтеді. Жобаға 150 жұмысшы мен 35 техника тартылған. Жұмысты екі ай бұрын бастадық, қазір құрылыс-монтаж жұмыстарының шамамен 17 пайызы орындалды. Қазір үш парк аумағында – «Пархач», «Гүлдер» және «Баума тоғайында» жағажай аймақтарын бетондау жүріп жатыр. Келесі айдың соңына дейін осы жұмыстарды бітіреміз. Биыл канал арнасын бетондау негізгі жұмыс болады: тозған бетон алынып, орнына жаңа бетон салынады, деформациялық жіктер резеңке тығыздағышпен ауыстырылады. Келер жылы үш парк аумағы абаттандырылады: жаңа брусчатка төселіп, кіші архитектуралық нысандар қойылады. Әр паркке полиция, медицина және құтқару қызметіне арналған арнайы ғимараттар салынады. Көгалдандыру мен суару жүйесі де енгізіледі. Сонымен қатар, канал бойымен 23 шақырымға жаяу жүргіншілер және велосипед жолдары салынады. Барлық жұмыстарды 2026 жылдың 16 қазанына дейін толық аяқтау көзделген, – дейді Айбар Сансызбайұлы.

Алматылықтар не дейді?

Қайтар жолымызда жол-жөнекей кездескен алматылық тұрғын Алмас атамен әңгімелестік. Оның айтуынша, 80-ші жылдары мұнда жүздеген адам жиналатын, тіпті атты полиция кезекшілік атқарған екен.

– Осыдан бірнеше жыл бұрын ҮАК аумағын өлшеп, реконструкция жобасы дайын-

далған еді. Сонда орындықтар мен жолдарды есепке алып, қаржы да бөлінген. Бірақ содан бері ештеңе өзгерген жоқ. Әйтеуір каналдың ішін бульдозермен бір рет тазаланды, болды. Әр жолы басталған іс аяқсыз қалып келген еді. Енді міне, арнаның қайта түлейтіні көңілге демеу», – дейді ақсақал.

Жасы шамамен, 60-ты алқымдаған жігіт ағасы Жағыпар Айтуаровтың сөзіне де құлақ түрдік: «ҮАК-тың жалпы ұзындығы 168 шақырым. Су Бартоғайдан шыққанда ең көп дегенде, 130-шы шақырымға дейін жетеді. Яғни қалаға кірмей жатып су тоқтап қалады. Соңғы 30 жылда Алматыға су жеткен емес. Су тапшылығы жылдан-жылға артып жатыр. Сондықтан қанша ақша салса да, егер су мәселесі шешілмесе, канал құрғақ күйінде қала береді», – дейді ол.

Арна қалай өзгереді?

Сонымен... кезінде қаланың маңызды инфрақұрылымдарының бірі болған каналдың жаңғыруы алматылықтардың күдік-күмәнін сейілте ала ма? Ресми мәліметтерге сүйенсек, ҮАК-ты қайта құруға 12,4 млрд. теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстары биыл 2025 жылғы маусымда басталды. Қазір арнаны тазалау, уақытша бөгет орнату жүріп жатыр. Жоба 15 айға есептелген, яғни жұмыс толық 2026 жылдың қазан айында аяқталуы тиіс.

Каналдың Алматы аумағындағы ұзындығы – 23,1 шақырым. Оны қайта жаңғырту үшін 2021 жылы Экология және қоршаған орта басқармасы «Казгидро» ЖШС-мен келісімшартқа отырған. Кейін құрылыс жобасы әзірленіп, 2024 жылғы 5 қарашада мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алған. 2025 жылғы 10 маусымда «Павлодар өзен порты» АҚ-мен құрылыс-монтаждау жұмыстарына шарт жасалған.

● Жоба бойынша канал бойында заманауи әрі қолжетімді инфрақұрылым пайда болмақ. Жаяу жүргіншілер мен велосипед жолдары, жарықтандыру, шағын сәулет нысандары салынады. Сонымен қатар, үш демалыс аймағы – «Пархач», «Баум тоғайы» және «Гүлдер» абаттандырылып, дәл осы жерлерде ғана шомылуға рұқсат берілмек. Дегенмен, бір маңызды жәйт бар: ресми құжатта ҮАК-тың ауызсу көзі емес, тек ирригациялық мақсатқа арналғаны нақты көрсетілген. Тұрғындар каналдан тұрақты ауызсу берілмейтінін білгені жөн. Ең бастысы – су мәселесі шешімін тапса, ҮАК шынымен де тұрғындар күткен демалыс аймағына айналмақ. Қазірдің өзінде қарқынды еңбек жүріп жатыр. Бұл еңбектің жемісі Алматыға жаңа тыныс сыйлап, қала жұртының үмітін ақтайды деген сенім зор.



«JasSkills Kazakhstan – 2025»:

КӘСІПТІК БІЛІМГЕ ҚҰЛШЫНЫС

Негізгі миссия – дағдыларды дамыту және кәсіби бағдарлау

2025 жылдың 19 қыркүйегінде Алматы қаласында алғаш рет еліміздің түкпір-түкпірінен келген 9–10-сынып оқушылары арасында «JasSkills Kazakhstan – 2025» республикалық конкурсы өтеді. Конкурс 11 мемлекеттік колледж базасында WorldSkills халықаралық чемпионатының форматы мен стандарттарына сәйкес ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Алматы қаласының Білім басқармасы ұйымдастырған конкурс «Жұмысшы мамандықтар жылын» өткізу бойынша бірқатар іс-шараның жоспарын жүзеге асыруды көздейді. Соның ішінен атап айтсақ: жұмысшы мамандықтарды оқушылар арасында танымал ету, ерте кәсіби бағдарлауды қамтамасыз ету, бастапқы кәсіби дағдылармен алмасу, саналы түрде мамандық таңдау мен колледжге түсуге ынталандыру.

– Кеше республикамыздың 9-10-сынып оқушылары арасындағы байқаудың ашылу рәсімі өтті. Байқау 11 құзыреттілік, 8 мемлекеттік колледждердің базасы бойынша өткізілді. Конкурс Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында жұмысшы мамандықтардың имиджін көтеру, балалардың кәсіпке деген қызығушылығын ояту мақсатында ұйымдастырылған. Былтырғы оқу жылының аяғында, яғни көктемде әр өңірдегі мектеп оқушыларының арасында бірінші кезек өткізілген болатын. Енді бүкіл Қазақстандағы өңірлерде жеңіске жеткен оқушылардың басын біріктіріп, кең көлемде Алматы қаласында өткізуді жоспарладық. Әрбір мамандық бойынша тапсырмалар беріледі, электронды жүйеде әділ бағалау жүзеге асырылады, – деді Алматы энергетика және электронды технологиялар колледжінің директоры Бағдәулет Ермаханұлы.

Аталған «JasSkills Kazakhstan – 2025» чемпионатының міндеттері мынадай: оқушылардың кәсіби дағдыларын жетілдіру, тәжірибе алмасу және үздік тәжірибелерді тарату, мамандықтар мен кәсіби өсуге деген қызығушылықты қалыптастыру, білікті жұмысшы кадрларды даярлау жүйесінің дамуына үлес қосу.

Чемпионат 11 сұранысқа ие мамандықтар бойынша өткізіледі. Олар:

1. Электрмонтаж жұмыстары;
2. Веб-технологиялар.
3. Мобилография.
4. Ақылды үй технологиялары.
5. Графикалық дизайн.
6. Аспаздық ісі.
7. Шаштараз өнері.
8. Мейрамхана сервисі.
9. Нан-тоқаш пісіру шеберлігі.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алдияр КЕҢЕС,
байқауға қатысушы:
«Еңбек – бәрін жеңбек»

Республикалық сайысқа Маңғыстау облысы, Ақтау қаласынан мобилография және графикалық дизайн мамандықтары бойынша екі оқушы келдік. Бір апта көлемінде жүйелі түрде дайындалдық.

Сондықтан «Еңбек – бәрін жеңбек» деп, төккен маңдай теріміз ақталып, талабымыздың оза шабатынына сенемін.

Ажар СӘЛІК,
байқауға қатысушы:
Жарысқа дайынмын

Ақтөбе облысы №75 жалпы білім беретін орта мектептің 10-сынып оқушысымын. Конкурста аспаз мамандығы бойынша бақ сынамақпын. Жарысқа толықтай дайынмын. Жеңіске деген құлшынысым өте жоғары. Өңірімізден түрлі бағыттағы мамандықты таңдаған 10-нан аса адам келдік. Бәріміздің қанжығамыз бос қайтпайды деп ойлаймын. Өзіме жеңіс, басқаларына сәттілік тілеймін!

10. Мода технологиясы.
11. Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету.

Қатысушылар орындаған тапсырмаларды WorldSkills халықаралық стандарттары бойынша оқытылған WorldSkills Almaty кәсіби сарапшылары бағалайды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің дипломдарымен марапатталады.

Айта кетейік, кәсіби бағдарлау мақсатында чемпионат аясында Алматы қаласының 2200-ден астам 9-сынып оқушысының қатысуымен «Менің болашақ мамандығым» жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке бағдарламасында жетекші мамандардан шеберлік сағаттары, колледждер мен білім беру бағдарламаларының таныстырылымдары, чемпионаттың байқау алаңдарына экскурсиялар жүргізу қарастырылған.

WorldSkills – бұл бүкіл әлемдегі миллиондаған жастарды кәсіби тұрғыда өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылдыратын халықаралық қозғалыс. Оның миссиясы – дағдыларды дамыту мен кәсіптік білім беру сапасын арттыруға жағдай жасау.



Дана
САДЫРҚАН.





МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫ:

Алматыда игі істерге жол ашатын 21 жобаға 1,5 млрд. теңге жұмсалды

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде елімізде «Қазақстан халқына» қоры құрылып, халыққа көмек көрсетудің тиімді құралына айналған қор тұжырымдамасы жасалғаны белгілі. Тұжырымдама аясында Қор қызметінің негізгі бағыттары мен Қорға түсетін қаражат есебінен басым қолдау көрсетілетін халықтың негізгі санаттары анықталды. Қор қызметінің негізгі мақсаттары: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау, мәдениет және спорт салаларында қайырымдылық көмек көрсету.

Қазіргі уақытта «Қазақстан халқына» қоры Алматы қаласы мен Алматы облысында бірнеше ірі жобаны жүзеге асырды. Атап айтқанда, мегаполисте игі істерге жол ашатын 21 жобаға 21,5 млрд. теңге жұмсалды.

Заманауи жабдықтар және дәрі-дәрмектер

Денсаулық сақтау саласы бойынша Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтымен бірге 4 жоба қолға алынды: онкологиялық дәрі-дәрмектері сатып алу, ауылдық жерде тұрғындардың тексерілуі үшін көшпелі медициналық кешен жіберу, ҚазОРФЗИ-ға қажетті жабдықтарды алу және институт қызметкерлерінің біліктілігін шетелде оқыту арқылы арттыру. Оның ішінде 6,5 млрд. теңгеге әлемдік деңгейде мойындалған заманауи жабдықтар сатып алынған.

– Өткен жылы бізге сәуле терапиясына арналған 6 жабдық әкелінді. Соның арқасында емнің осы түрін алуы қажет адамдардың 60 пайызы сәуле терапиясымен қамтылды, яғни көрсеткіш 21 пайызға өсті. Айта кететіні, заманауи жабдықтарда жасанды интеллект қолданылады. Соның арқасында біз бейімді сәуле терапиясын жасай аламыз. Ол дегеніміз – сәуле нақты зақымданған мүшеге түседі, сау жасушаларды зақымдамайды және емнің кері әсерін азайтады. Одан бөлек, «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен алынған дәрі-дәрмекпен 1,5 мыңнан адам ем алды. 70 пайыз жағдайда көмек оң әсер етті, бұл да жақсы нәтиже, – деді ҚазОРФЗИ басқарма төрағасы Ербол Бекмұхамбетов. Ол ауылдық аймақтарға тексерілуі үшін жіберілетін көшпелі медициналық кешендердің де маңыздылығын атап өтті. Ербол Бекмұхамбетовтың сөзінше, онкологиялық ауруды барынша ерте анықтау – одан айығуға тікелей әсер етеді.

– Көшпелі кешендердің арқасында Алматы облысында 1 жыл ішінде қатерлі ісік қаупінің 300 жағдайы мен алғашқы сатыдағы қатерлі ісіктің 18 жағдайы анықталды. Біріккен жұмыстың арқасында адамдар уақытылы тексерістен өте алады, – деді Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының басшысы.


Ерте араласу орталығы

Сонымен қатар, қоғамдық әлеуметтік қордың көмегімен Алматыда Ерте араласу орталығы ашылып, қажетті құрылғылармен жабдықталған.

– «Қазақстан халқына» қорының алғашқы жобаларының бірі – Ерте араласу орталықтарын ашу. Жалпы, еліміз бойынша мұндай 13 орталықты ашу көзделген және Алматыдағы орталық қазіргі уақытта ашылып, жұмыс істеп



Суреттерді түсірген Самат Құсайынов.



түр. Онда 3 айдан 3 жасқа дейінгі балалар ем алады. Орталықта сенсорлық бөлме, тұзды емдеу, шунгит бөлмелері бар. Одан бөлек, экотерапевт, механотерапевт бөлмесі жабдықталды. Жобаның басты мақсаты – ерте медициналық көмек көрсету арқылы балалар арасында мүгедектіктің азаюына ықпал ету. Қазір мегаполисте орталықта 20 бала емделді, ал еліміз бойынша ерте араласу орталықтары 1 мыңға жуық балаға көмектесті, – деді «Қазақстан халқына» қорының аға жоба менеджері Динара Нұрқасымов.

Ерте араласу орталығында біз жолыққан 1,5 жастағы қыздың әжесі Күләш Шотыбасова мұндағы емнің немересіне оң әсер етіп жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, немересі мұнда квота арқылы тегін ем алып жатыр. Орталықтың жұмысы туралы оның меңгерушісі Шәмшігүл Айкенқызы да түсіндіріп өтті.

– Бізде сөйлеу дамуының, моторлық және тірек-қимыл аппаратының бұзылуы бар немесе осындай аурудың өршу қаупі бар балалар ем алады. Оларға кешенді түрде көмек көрсетіледі, орталықта психолог, дефектолог, реабилитолог, невролог, массажист және өзге де мамандар бар. Бізге балаларды өздері тіркелген емханалар жібереді, мұнда олар курс бойынша тегін 14 күн емделеді, – деді Шәмшігүл Айкенқызы.

Ересектерге арналған бағдар

«Қазақстан халқына» қорына түскен өтінім бойынша Алматыдағы ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған орталыққа 63 млн. теңгеге 11 жабдық алынған.

Бұл туралы қордың аға жоба менеджері Динара Нұрқасымов айтты. Соның арқасында Орталыққа келетін адамдардың саны 35-тен 50-ге дейін артқан.

Жалпы, бұл Орталық 2020 жылы «ЕРЗИ мүгедектер қауымдастығының» бастамасымен ашылған. Ғимаратты Алматы қаласының әкімдігі сенімгерлік басқаруға берген. Алдымен қауымдастық мүшелері өз күштерімен оны жабдықтаған. Кейін «Қазақстан халқына» қоры заманауи жабдықтармен қамтамасыз етті.

– «Қазақстан халқына» қоры біздікі секілді Орталықтарға көмек беретінін естіп, біз өтінім жібердік. Олар бізді қолдап,

ең қажетті жабдықтарды алып берді. Соның арқасында арбаға отыруға мәжбүр азаматтар осы жерге келіп, жаттығып, реабилитациядан өте алады. Сондай-ақ, олар мұнда өзара әңгімелесіп, жаңа орта, жаңа достар табады, – деді «ЕРЗИ мүгедектер қауымдастығының» жетекшісі Ербол Егембергенов.

Ауыл жобалары

«Қазақстан халқына» қоры сәтті іске асқан тағы бір жобаны таныстырды.

– 2022 жылдан бері ауылдық жерде тұратын мүгедектігі бар балалардың ата-аналары көптеген өтініш жіберді. Соның негізінде біз жүйелі көмек көрсетуді жөн көрдік. Сол кезде бізге «Ақ жол-М» қорынан өтінім келді. Оларда мамандар мен кәсіпкерлер салып берген 4-қабатты ғимарат болды, бірақ жабдықтары болмады. Біз осы жобаны қолдап, 942 млн. теңге қаражат бөлдік. Соның негізінде мехотерапия, тұзды бөлме, интерактивті бөлме сияқты көптеген орындар жабдықталды. Қазақстан бойынша болмаған оңалту құрылғылары алынды, – деді қордың аға жоба менеджері Динара Нұрқасымов.

Спикер «Қазақстан халқына» қоры бүгінге дейін 196 адамға 213 протез алып бергенін атап өтті. Оның ішінде Алматы қаласынан 24 адам, Алматы облысынан 22 адам алды. Бұл протездерді әр адамға жеке қордың серіктес компаниялары дайындаған. Оның біреуі Алматы облысы Талғар ауданында орналасқан.

Досбол
АТАЖАН.



СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



Ербол
АҚТӨЛЕГЕНҰЛЫ,
СОТ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТШЫСЫ:

ҚҰПИЯ ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОРҒАЛУЫ – басты талап

Көпшілік үшін сот отырысы хатшысының жұмысы «Тұрыңыздар, сот келе жатыр!» деумен шектелендей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде, ол – сот процесінің заңды әрі тәртіппен өтуін қадағалайтын негізгі тұлға. Хатшылар сот ісіне қатысты құжаттарды жинап, тіркейді, процестің әр сәтін заң талаптарына сай ұйымдастырады. Сотқа қатысушыларды дер кезінде хабардар етеді. Соттың көрінбейтін «майда-нындағы» тынымсыз еңбек туралы сот отырысының хатшысы, ауданаралық әкімшілік соттың бас маманы Ербол АҚТӨЛЕГЕНҰЛЫ «Ақшам» тілшісіне сұхбат берді.

СОТ ХАТШЫСЫ – ТЕК ҚҰЖАТ ТІРКЕУШІ ТҮЛҒА ЕМЕС

– Сот отырысының хатшылары сот билігін, сот төрелігін жүзеге асырушы – судьялардың қызметін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Сот отырысы барысында немесе одан тыс хатшының негізгі міндеттері қандай?

– Сот хатшысы Қылмыстық-процестік кодексінің 83-бабына, Азаматтық процестік кодексінің 56-2-бабына сәйкес, қылмыстық және азаматтық істер бойынша мүдделі құқығы жоқ мемлекеттік қызметкер, сот отырысының хаттамасын жүргізеді. Біз іс сотқа тіркелген сәттен бастап жұмысқа кірісеміз. Судья отырыстың күнін тағайындаған соң, жәбірленуші мен айыпталушы тарапты, іске қатысы бар барлық тұлғаны соттың өтетіні туралы хабардар етеміз. Хабарлама соттың ресми базасы арқылы SMS-пен, қажет жағдайда мессенджерлермен де жеткізіледі.

Сот залының толықтай дайын болуын қадағалау, барлық құжатты судьяға дер кезінде әзірлеп жеткізу де біздің міндетіміз. Отырыс барысында қатысушылардың – жәбірленуші, құқық бұзушы, қорғаушы, аудармашы – бәрінің дерегін судьяға алдын ала жеткізіп, толық мәлімет береміз. Әр істің әділ және заң талаптарына сай өтуін қадағалау сот хатшыларына жүктеледі. Қазір сот отырысы кезінде хаттама қолмен жазылмайды, аудио-бейнежазба арқылы жүргізіледі. Яғни бүкіл процесс электронды түрде тіркеліп отырады.

– Жұмысыңыздың ең қиын тұстары қандай?

– Сотқа ешкім қуанып келмейді. Адамдар ашулы болады, енді бірі күйзеліспен келеді. Біз олардың түрлі мінез-құлқына дайын болып, эмоцияға берілмей, барлығына түсіністікпен қарап, дұрыс жауап беруіміз қажет. Бұл жұмыстың ең күрделі, ең жауапты бөлігі де осы дер едім. Өйткені, сот залы – адамдардың тағдыры шешілетін орын, сондықтан әрбір сөзіміз бен ісіміздің мәні үлкен.

БАРЛЫҒЫ ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖҮРГІЗІЛЕДІ

– Қазір сот отырыстары аудио және бейнежазбамен жүргізілсе де, хатшының рөлі өз маңызын жойған жоқ. Құпия ақпаратты сақтап, іс жүргізуде сот хатшысының жұмысы қалай жүзеге асады?

– Иә, сот процесінде құпия деректердің қорғалуы – басты талап. Сот ісіне қатысты кейбір мәліметтерді тек судья, сот төрағасы және хатшы ғана біледі. Олар арнайы жабық базаға енгізіліп, қатаң түрде сақталады. Қазір жұмысымыз айтарлықтай жеңілдеді. Бұрын әр хаттаманы қолмен жазып, іс материалдарын тігіп, архивте сақтайтынбыз. Қазір барлығы электронды форматта жүргізіледі. Аудиобейнежазба автоматты түрде жүйеге енгізіледі, материалдар электронды база арқылы жолданады. Апелляция немесе кассацияға шағым түскенде, біз толық материалдар пакетін, соның ішінде аудио-бейнежазбаларды дайындап, қалалық сот арқылы Жоғарғы Соттың кассациялық бөліміне жолдаймыз. Әр судьяға бір хатшы белгіленеді, істі бастан-аяқ бірге алып жүреміз. Судья істің мән-жайына назар аударса, хатшы ұйымдастыру мен құжаттық процестердің мінсіз орындалуын бақылайды.

Жұмыс көлеміне келсек, істердің шамамен, 80 пайызы жол-көлік оқиғаларына байланысты. 2024 жылы әкімшілік істер бойынша 45 мыңнан аса іс қаралды. Бұдан бөлек, шетел азаматтарының көші-қон ережесін бұзуы, сондай-ақ ұсақ бұзақылықтарға қатысты істер жиі түседі. Жаңадан енгізілген кассациялық сотқа да екі ай ішінде 532 материал жіберілді. Бұл – жаңа құрылым үшін өте үлкен көрсеткіш. Жалпы, әкімшілік құқықбұзушылық сотта негізінен кәсіпкерлікке қатысты істер жиі қаралады.

ХАТТАМА ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ БІРДЕЙ

– Қазақстандағы сот жүйесінің иерархиялық құрылымы бойынша аудандық және қалалық соттардың арасындағы негізгі айырмашылықтар қандай?

– Қалалық соттарда қаралатын істердің ауқымы кеңірек, кейде резонанс тудыратын материалдар көп болады. Ал аудандық соттарда істердің көлемі салыстырмалы түрде жеңіл. Дегенмен, хаттама жүргізу тәртібі барлық жерде бірдей. Процес дұрыс жүру үшін ең алдымен істің хаттамасы болуы тиіс. Онда инспектордың, екі жақтың түсініктемелері, егер жол-көлік оқиғасы болса, сызбалары қоса тіркеледі. Сондай-ақ, тараптардың азаматтық не әкімшілік істерге бұрын тартылғаны не тартылмағаны тексеріледі.

КӨШПЕЛІ СОТ: ШЕШІМ ОҚИҒА ОРНЫНДА ШЫҒАРЫЛАДЫ

– Көшпелі сот отырысы қандай жағдайда өтеді және оның артықшылығы неде?

– Бұл тәжірибе бізде бұрыннан бері қолданылып келеді. Көшпелі сот отырысы көбіне жол-көлік оқиғалары сияқты нақты оқиға орын алған жерде өткізіледі. Мысалы, оқиға болған жерге сот қызметкерлері – судья, хатшы, сот приставы барып, барлық жағдайды өз көзімен көреді. Бұл әдіс оқиғаның нақты шарттары мен ерекшеліктерін ескере отырып, әділ шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Көшпелі соттың басты артықшылығы – судьяның оқиға орнында тұрып, жол жағдайы, белгілер, көлік қозғалысы және басқа да маңызды мәліметтерді назарға алуында. Бұл әдіс, әсіресе, жол көлік оқиғалары мен құрылыс саласына қатысты істерде тиімді. Құрылысқа қатысты тексеру де көбіне көшпелі сот арқылы жүргізіледі.

Мысалы, құрылыс нормалары мен стандарттары бұзылған жағдайда, сот процесі сол жерге барып, нақты өлшемдер мен жағдайларды тексереді. Судья оқиға орнына барып, барлық жағдайды өз көзімен көреді. Ал хатшы сот отырысын ресми тіркеп, хаттама жасайды. Қауіпсіздік үшін сот приставының қатысуы маңызды.

**Сұхбаттасқан
Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

БРИФИНГ

2025–2026 жылғы жылыту маусымы:

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

Алматыда өрттің алдын алу және оқыс жағдайды азайтуға бағытталған ауқымды іс-шаралар басталды

25 қыркүйектен бастап қалада өрт қауіпсіздігі айлығы жарияланады. Осы кезеңде жеке сектор мен көпқабатты үйлерді аралап, тұрғындарға қауіпсіздік ережелері түсіндіріледі. Буклеттер мен нұсқаулықтар таратылып, жылыту құралдарын дұрыс пайдалану жолдары үйретіледі.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұл туралы Алматы қаласы ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының басшысы Константин Канин Өңірлік коммуникациялар қызметінде хабарлады.

Жалпы, 15 тамыздан бастап қалада алдын алу жұмыстары жүріп жатыр. Қазіргі таңда Алматыда 151 мыңнан астам жеке тұрғын үй тіркелген. Оның ішінде қатты отын пайдаланатын 1450 үй және өртену қаупі жоғары 5605 үй ерекше бақылауға алынған. Әлеуметтік осал топтағы азаматтар тұратын 686 үй, сондай-ақ оғаш мінез-құлықты адамдар мекендейтін 2067 үй «қауіпті санатқа» енгізілді. Олар «Қауіпсіз пеш», «Таза түтін», «Көмек қолы» акциялары аясында толық тексеруден өтті.

Жұмысқа «Қызыл Ай Қоғамы», «Lider.kz», «Қазақстан еріктілер лигасы» ұйымдары мен «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-ның өндірістік бөлімшесі жұмылдырылған. Әсіресе, газ қазандықтарын пайдаланатын үйлер қатаң бақылауда.

Тұрғындардың хабардарлығын арттыру үшін СМС-хабарламалар жіберіліп, 7,6 миллионнан астам абонентке ескерту жеткізілді. Сонымен қатар, интернет пен әлеуметтік желілерде 260 профилактикалық материал жарияланып, халық көп жиналатын орындарда түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Жылыту маусымы кезінде түтін шығаратын қондырғыны кемінде екі айда бір рет тазалап тұру керек. Пешті шамадан тыс қыздырмаңыз, оларды тез тұтанатын, лап ете қалатын затқа жақын орналастырмаңыз. Газбен жұмыс істейтін пешті пайдаланудың нұсқаулығын қатаң сақтаңыз. Пешті, газ колонкасын, асүй плитасын, керогаз бен электр құрылғыларын балалардан аулақтау ұстап, қараусыз қалдырмаңыз», – деді Константин Канин.



ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

ҰСТАЗДЫҚ – ӨМІРЛІК МИССИЯ

ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Гүлнас Кенжетайқызы Ахметова туралы бір үзік сыр

Еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап білім беру жүйесінің жаңа арнасын қалыптастыруда, ғылыми зерттеулерді дамытуда ерен еңбек еткен тұлғалардың қатарында есімі құрметпен аталатын ғалым – педагогика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Гүлнас Кенжетайқызы Ахметова.

Гүлнас Кенжетайқызы – педагогика саласында отандық ғылымның бағыт-бағдарын айқындап жүрген жетекші ғалымдардың бірі. Академиктің ғылыми еңбектері оқыту әдістемесі, білім сапасын арттыру, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру, ұлттық құндылықтарды білім беру жүйесіне енгізу мәселелеріне арналған.

Ғалымның еңбек жолы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен тығыз байланысты. 1985 жылдан бері Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасында үздіксіз қызмет етіп, биыл осы ұжымдағы табанды еңбегіне қырық жыл толып отыр.

Осы жылдар ішінде бірнеше буын жас ғалымдар мен ұстаздардың қалыптасуына өлшеусіз үлес қосты. 1994–1996 жылдары кафедра меңгерушісі ретінде оқу үдерісін жетілдіру, ғылыми зерттеулерді жандандыру, жаңа бағдарламаларды енгізу ісіне жетекшілік етті. Ғалымның бастамасымен кафедра базасында магистратура ашылып, бұл қадам факультеттің ғылыми деңгейін арттырып қана қоймай, педагогикалық білім берудің жаңа сатысына жол ашты. Бүгінде кафедраның іргелі жетістіктері Ахметова Гүлнас Кенжетайқызының төрт онжылдыққа жуық қажырлы еңбегі



мен батыл шешімдерінің жемісі екені даусыз.

Академиктің ғылыми зерттеулері мен еңбектері – еліміздің білім беру саласындағы өзекті мәселелерді шешуге, жаңа жолдар ашуға бағытталған. Ол кісінің еңбектерін оқи отырып, түйгеніміз: ғылым – тек зерттеу емес, ол қоғамға қызмет ету, келешекке бағыт сілтеу. Гүлнас Кенжетайқызы осы миссиясын абыроймен атқарып келеді. Ғалымның жетекшілігімен бірнеше докторлар мен кандидаттар даярланып, бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде.

Біздің кейіпкеріміз нағыз адал еңбек адамы, Қазақстандағы педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалым. Өмір жолына зер салсақ, бүгінгі жетістігі бірден келген жеңіс емес, жү-

йелі еңбектің, талмай ізденудің, адалдық пен табандылықтың жемісі екенін көреміз. Кәсіби жолын тәжірибеші-оқытушыдан бастап, білім мен ғылым саласында біртіндеп өсе жүріп, жетекші қызметтерге дейін көтерілді. Бұл – терең білім мен қажырлы еңбектің, талант пен тәзімнің нәтижесі. Оның тәлімгерліктен – басшылыққа дейінгі жолы жас ғалымдар үшін тағылымды үлгі-өнеге. Бұл еңбекқорлықтың, мақсатқа берік ұмтылыстың, адал қызмет етудің нақты дәлелі. Ұстазымыздың өмірлік тәжірибесі «еңбек еткен жетеді» деген қағиданы айқын көрсетіп отыр.

Гүлнас Кенжетайқызы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында қызмет атқарған жылдары педагогтердің кәсіби деңгейін көтеру, жаңа инновациялық әдістемелерді енгізу,

білім сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіру бағытында ауқымды жобалар жүзеге асты. Бұл тәжірибе кейін көптеген оқу орындарына үлгі болып енді.

Академик Ахметова – тек ғалым ғана емес, қоғам қайраткері. Қазақстандағы білім мен ғылым саласын дамытуға байланысты мемлекеттік бағдарламаларға, ұлттық жобаларға белсене атсалысты. Қоғамдық ұйымдардың жұмысына да жетекшілік жасап, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне ерекше мән берді. Ғылым мен білім саласына қосқан үлесі мемлекеттік наградалармен, салалық марапаттармен бағаланды. Бұл – ұзақ жылғы табанды еңбектің, зор жауапкершілік пен қайраткерліктің айғағы.

«Ұстаздық еткен жалықпас» деген халық даналығын өмірімен дәлелдеген Гүлнас Кенжетайқызы шәкірт тәрбиелеуді өмірлік миссиясы деп санайды. Шәкірттері тек ғылымда емес, мемлекеттік басқару, білім беру, қоғамдық қызмет салаларында еңбек етіп жүр. Көптеген шәкірт ұстазынан алған сенім мен қолдауды өмірлік бағдаршам деп біледі. Уақыт өтсе де, шәкірттерін назардан тыс қалдырмай, қолдап отыруы – ұстаздық үлкен жүрегінің белгісі.

Ғалымның өнегелі өмір жолы, ғылым мен білімге сіңірген еңбегі, шәкірттеріне жасаған қамқорлығы – болашақ ұрпаққа қалатын мол мұра. «Көпшілікке көрсете алсаң өнеге – көпшілік те көтереді төбеге» деген халық даналығын өмір жолымен дәлелдеп келе жатқан ұстаздың әрбір қадамы түлектерімізге үлгі, көпшілікке өнеге.

Ұстаздығыңыз – ұлағатқа, ғалымдығыңыз – өнегеге, азаматтығыңыз – үлгіге айнала берсін, абзал жан. Ғылым мен қоғам игілігі жолында толағай табыстар тілейміз!

Нұрсұлу ӘЛҚОЖАЕВА,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының меңгерушісі.

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

Алматыдағы Принтмедиа технологиялар колледжінде техникалық және кәсіптік білім (ТЖКБ) педагогтеріне арналған халықаралық біліктілікті арттыру интенсиві өз жұмысын бастады.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ

«Графикалық дизайн» бағыты бойынша ұйымдастырылған бұл бағдарлама «XXI ғасырдың педагогі: дизайн, медиа және жасанды интеллект» тақырыбында өтуде. Іс-шара академиялық ұтқырлық аясында жүзеге асырылып, жұмысшы мамандықтар жылына арналып отыр. Еске сала кетсек, биыл бұл жыл негізгі құзыреттерді дамыту мен кәсіптік білім беру жүйесін жетілдіру мақсатында жарияланған болатын.

Бағдарлама 18 академиялық сағатты қамтиды. Қатысушыларға визуалды мәдениет, цифрлық жарнама, мультимедиа және типография салаларындағы заманауи тәсілдер бойынша дәрістер оқылады. Сонымен қатар, генеративті дизайн мен жасанды интеллект құралдарын графикада пайдалану бойынша шеберлік сабақтары өтеді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, курс барысында педагогтер креативті пәндерді оқыту әдістемелерін меңгеріп, халықаралық топтарда жобалар әзірлеу арқылы тәжірибе алмасады. Бағдарлама соңында қатысушыларға халықаралық үлгідегі сертификаттар табысталады.

Бұл бастама Президент Жолдауында айтылған адами капиталды дамыту, білім беру жүйесін цифрлық трансформациялау және жаңа технологияларды меңгерген білікті мамандар даярлау жөніндегі стратегиялық басымдықтарымен тығыз байланысты. Принтмедиа технологиялар колледжінің өкілдері атап өткендей, ерекше назар графикалық дизайн, жарнама және баспа ісі салаларында сұранысқа ие мамандарды даярлау үшін жаңа технологияларды оқу процесіне енгізуге аударылып отыр.

Интенсивке қатысқан ұстаздар тек білім алып қана қоймай, пәнаралық жобалар арқылы тәжірибе алмасады. Бұл өз кезегінде жаңа буын мамандарын даярлау ісіне тың серпін бермек. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жобалар ТЖКБ жүйесіндегі педагогтердің кәсіби дамуына жаңа деңгей береді және халықаралық стандарттарға сай оқытуға жол ашады.

АЛМАТЫ КОЛЛЕДЖДЕРІ:

халықаралық біліктілікті арттыру интенсиві



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Гүлзада АБДУЛЛАЕВА,
Принтмедиа технологиялар колледжінің директоры:

Адами капитал маңызды

Біздің бастамамыз Мемлекет басшысының жуырдағы Жолдауымен тікелей үндеседі. Президент үш жыл ішінде Қазақстанды цифрландыруды жаңа деңгейге көтеру қажеттігін атап өткен болатын. Сол бағытта әрі «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында біз мемлекеттік колледждердің педагогтері мен студенттерінің біліктілігін арттыру мақсатында Шанхай қаласынан мамандарды арнайы шақырдық. Шанхаймен меморандумымыз бар, бірнеше жылдан бері серіктестік байланысымызды үзбей жалғастырып келеміз. Осы уақыт ішінде біздің студенттер мен оқытушылар Қытайға барып, тәжірибеден өтіп, кәсіби дағдыларын жетілдіріп қайтты. Енді міне, шетелдік әріптестер өздері келіп, жасанды интеллект бойынша үш күндік семинар өткізіп жатыр. Бағдарлама соңында қатысушыларға халықаралық деңгейде танылатын сертификаттар табысталады. Неге Қытай дейсіздер ме? Себебі, Қытайда жасанды интеллект саласы өте жоғары қарқынмен дамуда. Біздің ұстаздар мен студенттер бұл саладағы жетістіктерді кейінгі екі жылда өз көздерімен көріп, тағылымдамадан өтіп қайтты.

Міржақып 1985 жылы Қыз-белдің Қоңыраулы өзенінің жағасында дүниеге келген. Әкесі Дулат қолөнермен айналысқан, орта шаруа, сауатты кісі екен. Шешесі Дәмеш ауыл арасындағы ойын тойда ән айтатын өнері бар, елге сыйлы жан болыпты. Әке-шешесі ғайыптан келген кеселден ерте қайтыс болып, алты жасында жетім қалған Міржақыпты ағасы Асқар тәрбиелеп, бірер жыл молдадан шағатайша оқытса, орыс тілін үйретуге татар молдасын жалдаған екен.

Асқар ағасының ықпалы: шәкірт Міржақыптың қалыптасуы

Міржақыптың ағасы Асқар бұрын Торғайдағы екі кластық орыс училищесін бітіріп, болысаралық сот қызметін атқарып жүрген Торғайдағы зиялылардың бірі болатын. Інісі он үшке толғанда Торғайға апарып, сондағы орыс-қазақ училищесіне оқуға береді. Міржақып оны 1902 жылы бітіріп, қазақ-орыс тілін жетік меңгерген маман болып шығады. Содан ол ауылда жас шәкірттерді оқытып, ауыл арасындағы тойларда суырыпсалма ақындығымен көзге түседі. Ағасы Асқар «Айқап»-ты және уезде, губернияда шығатын басқа да бірқатар газет-журналдарды жаздырып алып, оқиды екен. Содан оның әлемге, қоғамға деген көзқарасы кеңіген. А.Байтұрсыновтың патшалық Ресейдің бұратана халықтарға қарсы жүргізіп отырған саясатына қарсы айтқан пікірлерін газеттерден оқып, соған елтиді. Ахаңмен кездесуді армандайды. Ақыры балаларды оқытудан тапқан табысын жинап, 1904 жылы Міржақып Омбыға іздеп барып, А.Байтұрсынов ағасымен кездеседі.

Ахаң бұл кезде 32 жастағы қайраткерлікке қадам басқан, саликалы жігіт болса, Міржақып 19 жасқа енді толған, екі сөзінің бірін ұйқаспен айтатын, қызу мінезді жігіт еді. Дегенмен, екеуі бір-бірін жүректерімен ұғынысып, сол кезден достасып, Семейге жол тартып кеткен. Бірақ ол кезде Семей уезінде мұғалім қажет ететін мектептер жоқ еді. Ауыл болыстықтарда жеке байлар ғана балаларына молда жалдап оқытатын. Содан А.Байтұрсыновқа Қарқаралыдағы мектептен бір орын табылып, Міржақып қазіргі Шығыс Қазақстан жақта әр жерде бала оқытып жүрді, мектепке арналған оқулықтар жазды.

Отаршыларға қарсы күрес

1904 жылдың күзінде А.Байтұрсынов пен М.Дулатов Семей уезіне келіп, ұстаздық қызмет іздейді. М.Дулатұлы Семей уезінде қызмет істейтін болады. Ахаң мен Жақаң Ресей отаршыларына қарсы күресудің талай жолдарын өзара ой талқысына салып, осы мақсатта Семей, Қарқаралы уездерінің оқыған зиялыларымен кеңесіп, не істеуге болатынын саралап жүрген еді.

Соған орай Ресейдің Том қаласында айдауда жүрген Әлихан Бөкейхановтан Ахаң хат келіп, оны Ахаң Петербор университетін алтын медальмен бітіріп, Семей уезінің сотында қызмет істеп жүрген Жақып Ақбаевқа айтады. Ахаң Ақбаевтың әкесін бұрыннан білетін, дәулетті, еліне сыйлы, орыс отаршылдығына қарсы пікірін ашық айтып отыратын кісі-тін. Петицияны жазуға

ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРІ

Алаш көсемдерінің бірі – Міржақып Дулатұлының күрескерлік жолына үңілгенде



(Сурет: e-history.kz)

заңгер қажет еді. Жақып Ақбаев жоғары билікке петиция жазуды өз мойнына алды. Бірақ петицияның негізгі талаптарын жазуға Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және Семей уезінің бірнеше оқығандары кірісіп, ұсыныстарын айтып, жобаларын енгізген.

Қарқаралы петициясы: қазақ зиялыларының алғашқы саяси қадамы

1905 жылы жазда өткен Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, сол кезеңдегі Ресей ішкі істер министрлігіне, Омбы – Батыс Сібір генерал губернаторының атына жолданған, кейін тарихта ҚАР-ҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ аталған құжатқа 14 500 адам қол қойған деген дерек бар. Торғай, Семей, Жетісу, Көкшетау, Павлодар, Омбы Батыс Сібір уездерінің халқы жұмыла қол қойған петицияға қол қойғандардың ішінде К.Тоғысов, А.Аяғанов, О.Мүсәпіров, Т.Нұрақанов, А.Жолшарин, М.Тәттімбетов, М.Ақаев, А.Жандеркин, Н.Орманбетов тәрізді ел арасында беделді кісілер де болған.

Ресейдің жоғарғы билігіне жолданған Петицияда қазақтың құнарлы жерлеріне орыстың қарашекпенді кедейлерін қоныстандыруды тоқтату, қазақ жерінде мектептер ашу, қазақтардың мекендерінің шекарасын белгілейтін земство ашу, Қазақ жеріндегі соттарды реформалау, қазақтың оқыған белсенділерін жер аударуды тоқтату, қазақ елінің ана тілді баспасөз шығаруына рұқсат беру талап етілген.

Петицияны ұйымдастырып, қол жиғандар – Қазан университетін алтын медальмен бітірген заңгер Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және Семейдің бірнеше оқыған азаматтары. Бұл құжат XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі қазақ зиялыларының Ресей отаршылығына қарсы күресінің бастауы болды. Міржақып ол кезде бар болғаны 20 жаста еді.

Құжат Омбы генерал губернаторына жеткен бетте петицияны ұйымдастырғандар мен қол қойғандардың соңына

жандармерия тыңшылары түсті. Қарақаралы уезінің бастығы Осовский Омбы – Батыс Сібір губернаторына жолдаған құпия хатында петицияны жазуды ұсынған Том губерниясында айдауда жүрген Ә.Бөкейханов, жазған Семейдегі заңгер Жақып Ақбаев деп жеткізген.

Қуғын мен сүргін, тыңшылық нәтижесінде 1907 жылы Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақбаев және алты адам Семей түрмесіне қамауға алынды. Жақып Жетісуға жер аударылады. А.Байтұрсынов жеті айдан кейін, дәлел табылмаған соң босатылған. 1909 жылы Ахмет Байтұрсыновты Ресей билігіне қарсы шыққан деген желеумен Семей түрмесіне қамап, бір жыл он айдан кейін босатып, сот Орынборға жер аударуға үкім шығарған.

1910 жылы Міржақып Дулатовты жандармерия тыңшылары Ахмет Байтұрсыновтың жанынан көріп, оның Ресей билігіне қарсы белсенді екенін анықтап, Орынбор соты ұстауға шешім шығарады. М.Дулатов Семейдегі жалдамалы пәтеріне келгенде оны күтіп тұрған жандармерия сол жерде тұтқындайды. Пәтеріне кіріп, «Оян, қазақ» атты кітабының үш данасын кәмпеске-лейді. Содан Міржақып Дулатов Семей түрмесінде бір жыл сегіз ай отырып, сот шешімімен босанып шығады.

«Оян, қазақ!» ұлт санасын жаңғыртты

Ахаң түрмеден кейін Қарқаралыдағы мектепке оралып, ұстаздық қызметін атқарып жүрген 1908 жылдың күзінде Шығыста жүрген Міржақып Дулатов оны пәтеріне іздеп келеді. Ахаң бұл кезде «Қырық мысал» кітабының қолжазбасын аяқтаған еді. Міржақып Ахаңның кітабын басуға дайындап жатқанынан хабардар еді. Міржақып Семейден сонау Алтайға дейін ел аралағанын, отаршылардың ауыр қамытын арқалап жүрген сауатсыз халықтың ауыр жағдайларын көріп, алған әсерлерінен өлең

ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ аталған құжатқа 14 500 адам қол қойған деген дерек бар. Петицияны ұйымдастырып, қол жиғандар – Қазан университетін алтын медальмен бітірген заңгер Жақып Ақбаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және Семейдің бірнеше оқыған азаматтары. Бұл құжат XX ғасырдың алғашқы кезеңіндегі қазақ зиялыларының Ресей отаршылығына қарсы күресінің бастауы болды. Міржақып ол кезде бар болғаны 20 жаста еді. Құжат Омбы генерал губернаторына жеткен бетте петицияны ұйымдастырғандар мен қол қойғандардың соңына жандармерия тыңшылары түсті. Қарақаралы уезінің бастығы Осовский Омбы – Батыс Сібір губернаторына жолдаған құпия хатында петицияны жазуды ұсынған Том губерниясында айдауда жүрген Ә.Бөкейханов, жазған Семейдегі заңгер Жақып Ақбаев деп жеткізген.

жазғанын айтып, Ахаңа оқып көруге ұсынады.

Қалың дәптердегі өлендерді таң атқанша көз ілмей оқып, таңғы шәй үстінде Міржақып өлендерінің керемет екенін айтқан Ахаң інісін шығармашылықта шыққан биігімен құттықтайды. «Мен «Қырық мысал» атты кітабымды бастыруға Петерборға жіберіп қойдым, сен бұл өлендеріңнің жинағын Уфада бір баспагер бар, содан шығарып алсаң, екеуміздің кітабымыз бір жылы шығады» деген екен. Содан Міржақып Уфа баспагеріне барып, бағасына келісіп, өлеңдерін тапсырған. Сол «Оян, қазақ» атты кітабы 1909 жылы қыркүйек айында қолына тиеді. Міржақыптың сондағы қуанышында шек болмады. 23 жасында баспадан шығып тұрған алғашқы кітабы. Көп ұзамай, Петербордан басылып шыққан «Қырық мысал» кітабы да келді.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» атты кітабы мен Ахмет Байтұрсыновтың «Қырық мысал» атты кітабы ел арасына кеңінен тарап, сол кезде екеуінің де атақтары жер жарған болатын. Бұл шығармалар отаршылдық езгісіндегі қалың қазақтың санасын жаңғыртты. Міржақып Дулатұлы 1912 жылы «Бақытсыз Жамал» романын жазып, қазақ прозасының алғашқы бетін ашты. Ол 1912–1918 жылдар арасында «Қазақ» газетінің редакторы қызметін атқарды. 1917-1918 жылдары Алаш әскерінің командирі болды, «Алаш маршын» жазды.

«Кез болған соң кер заман біздің баққа, Жау жарағын асынып, міндік атқа. Ел бастайтын ерлерге бұл бір зор сын,

Жаңа талап, жас ұлан, қарап жатпа. Заман ай! Азаматы Алаштың, Аттанатын күн туды, Тұлпар мініп, ту ұстап, Баптанатын күн туды!»... деп жазылған марштың әнін Міржақыптың өзі шығарған еді...

Жұмат ӘНЕСҰЛЫ,
ҚР Құрметті журналисі.



ГИНЕКОЛОГИЯ

Екатерина
САМАРЦЕВА:ЕҢ БАСТЫСЫ –
УАҚЫТ СОЗБАУ КЕРЕКАлматыда «Босанудан кейінгі денсаулық» бағдарламасы
нәтижелі жүзеге асырылуда

Аталған жобаның мақсатын білу үшін №4 перзентхана директорының орынбасары, жоғары санатты акушер-гинеколог Екатерина Викторовна САМАРЦЕВАМЕН сұхбат құрған едік.

– Жаңа босанған әйелдің денсаулығына ерекше көңіл бөлуі қаншалықты маңызды?

– Босану – әйел ағзасы үшін үлкен сынақ. Ол орасан зор физикалық әрі эмоционалдық күш жұмсайды. Сондықтан бұл кезеңді жай өткізбей, толыққанды қалпына келу аса маңызды. Босанудан кейінгі уақыт – болашақ репродуктивті денсаулықтың іргетасы. Көп жағдайда әйелдер «босану сәтті өтті, демек бәрі жақсы» деп ойлайды. Бірақ олай емес. Ағзада болатын өзгерістер жасырын болуы мүмкін, айқын белгілері байқалмайды. Сондықтан уақытылы кешенді тексеруден өту – асқынулардың алдын алудың негізгі жолы.

– №4 перзентханада «Босанудан кейінгі денсаулық» бағдарламасы енгізілген екен. Ол не үшін қажет?

– Бұл қызмет әйелдің босанудан кейінгі ағзалық жағдайын толық бағалауға мүмкіндік береді. Өзінің денсаулық және босану тарихын білетін мамандардың бақылауында болу – әйелге сенімділік сыйлайды. Бұл жәй ғана анализдер жиынтығы емес, кешенді тәсіл: зертханалық диагностика, кіші жамбас ағзаларының УДЗ-сы, гинеколог кеңесі. Мұндай чекап



ауытқуларды дер кезінде анықтап, қалпына келу процесін түзетуге және келесі жүктілік кезеңдерге нақты ұсыныстар беруге көмектеседі.

– Мұндай тексеруден әйел босанғаннан кейін қай уақытта өткен дұрыс?

– Ең қолайлы кезең – босанғаннан кейінгі алғашқы 6–8 апта. Бұл – ағза

белсенді түрде қайта қалпына келетін «алтын уақыт». Дегенмен, одан кейін де етеккірдің бұзылуы, ауырсынулар және тағы басқа өзгерістер байқалса тексеруден өту маңызды. Ең бастысы – уақыт созбау керек. Себебі, көптеген процесті ерте кезеңде түзету әлдеқайда жеңіл.

– Алдымен қандай көрсеткіштерге назар аудару қажет?

– Қан түзу жүйесі, бауыр мен бүйрек жұмысы, зат алмасу, гормондық тепе-теңдік, кіші жамбас ағзаларының жағдайы. Біз гемоглобин деңгейін, қабыну белгілерін, бауыр мен бүйректің қызметін тексереміз, УДЗ арқылы асқынуларды болдырмауға тырысамыз. Мұның бәрі әйелдің жалпы жағдайына ғана емес, репродуктивті денсаулығына да тікелей әсер етеді.

– Сонда босанудан кейінгі тексеру келешектегі жүктілікке де көмектеседі ғой?

– Дұрыс айтасыз. Босанудан кейінгі чекап – бұл алдын ала дайындықтың алғашқы қадамы. Егер әйел тағы да жүкті болуды жоспарласа, ең алдымен ағзасының толық қалпына келгеніне көз жеткізуі тиіс. Бұл асқыну қаупін азайтады, сәтті ұрықтану мен жүктілікті аман-есен көтеріп шығуға ықпал етеді.

– Әйел үшін өзі босанған перзентханада тексеруден өтудің қандай артықшылығы бар?

– Біріншіден, дәрігерлер босанудың бүкіл тарихын біледі. Екіншіден, бұл сенімді қарым-қатынас пен жеке көзқарасқа жол ашады. Әйел өзін таныс ортада жайлы сезінеді, бұл уайым деңгейін төмендетеді. Біз тек талдау жүргізіп қана қоймай, әйелді қалпына келу жолында сүйемелдейміз.

Сондықтан өзіңіздің де, сәбиіңіздің де денсаулығы маңызды екенін ұмытпаңыз.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ

ТҰРАҚТЫ ТЕКСЕРІЛІП ТҰРУ –
денсаулыққа саналы қараудың белгісі

Бауыр обыры – ең қатерлі онкологиялық аурулардың бірі. Бұл дерт көбіне байқалмай дамып, көп жағдайда кеш сатысында ғана анықталады. Оның туындауына ықпал ететін негізгі қауіп факторының бірі – В және С вирусты гепатиттердің созылмалы түрі.

Бұл инфекциялар адам ағзасында жылдар бойы ешқандай белгі бермей, бауырды біртіндеп зақымдап, қатерлі ісіктің пайда болуына қолайлы орта қалыптастырады. Бұл туралы Алматының №36 қалалық емханасының онколог-дәрігері Зарина Тойлыбаева толығырақ айтып берді.

– В және С гепатиттері – қан және басқа да биологиялық сұйықтық арқылы жұғатын вирус инфекциялары. Ауру қан құйғанда, стерильсіз медициналық құралды қолданғанда, ине арқылы есірткі тұтынғанда, татуировка жасатқанда, жыныстық қатынас кезінде жұғуы мүмкін. Басты қауіп – көптеген адамның өз бойында вирус бар екенін білмеуі. Егер дер кезінде емделмесе, гепатит созылмалы түрге ауысып, уақыт өте келе циррозға немесе бауыр обырына әкелуі мүмкін. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, алғашқы анықталған бауыр обыры жағдайының 80 пайызына жуығы дәл осы созылмалы вирусты гепатиттермен байланысты.

В және С гепатиттеріне скринингтен өтуге тиіс адамдар қатарына медицина қызметкерлері (әсіресе, қанмен жұмыс істейтіндер, инвазиялық процедура

жүргізетіндер, хирургия, стоматология, гинекология, гематология және зертхана қызметкерлері), ота алдындағы пациенттер, қан құйдыруға мұқтаж адамдар, онкология, гемодиализ, трансплантология және басқа да бөлімшеде ем алып жатқандар кіреді. Сондай-ақ, жүкті әйелдер мен өмір салтына байланысты АИТВ мен гепатитке шалдығу қаупі жоғары адамдар жатады, – дейді маман.

✓ Бұл кеселдің «зұлымдығы» – бауыр зақымдалғанын ұзақ уақыт бойы теңгеріп тұруы. Адам ешқандай ауырсыну не жайсыздық сезінбеуі мүмкін. Әлсіздік, оң жақ қабырға астының ауырлауы, тәбеттің төмендеуі, терінің сарғаюы сияқты белгілер тек ауру асқынған кезде ғана білінеді. Ал бұл кезеңде емдеу қиындай түсіп, сауығу мүмкіндігі де төмендейді.

✓ Аурудың алдын алуға болады. Ол үшін бірінші кезекте екпе алу қажет. В гепатитіне қарсы екпе ҚР Ұлттық екпе күнтізбесіне енгізілген және тегін салынады. Өкінішке қарай, С гепатитіне қарсы вакцина әлі жоқ. Сонда да бұл ауру ерте анықталса, емге көнеді.

✓ Есіңізде болсын: скринингтен өту мен тұрақты тексеріліп тұру – денсаулыққа саналы қараудың белгісі. Ауруды ерте анықтау – гепатит пен бауыр обырының алдын алудың ең тиімді жолдарының бірі.

МАМАН МІНБЕРІ

СКРИНИНГ –
денсаулыққа кепіл
болар негізгі қадам

Алматының №11 қалалық емханасының профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімінің меңгерушісі Алёна Зекунова оқырмандарымызға скринингтен уақытылы өтудің маңыздылығы туралы айтады.

Скрининг – бұл жәй ғана медициналық тексеру емес, ауру белгілері әлі байқалмай тұрып, қауіпті дертті ерте кезеңінде анықтауға мүмкіндік беретін шара. Бұл тексеру 40–70 жас аралығындағы адамдарға жұп жылдары (40, 42, 44, 46, 48, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70) өткізіледі. Бағдарлама аясында дәрігерлер артериялық гипертония, ишемиялық жүрек ауруы, қант диабеті, глаукома және онкологиялық аурулардың бар-жоғын тексереді. Сонымен қатар, қауіп факторлары: дене салмағы, өмір салты, физикалық белсенділік деңгейі, артериялық қысым және тамақтану жағдайы бағаланады.

40–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдер, офтальмологтың есебінде тұрмаған жағдайда, глаукомаға арнайы тексеруден өтеді. Әйелдер жатыр мойны обырына қарсы скринингтен 30, 34, 38, 42, 46, 50, 54, 58, 62, 66 және 70 жасында өтеді, сондай-ақ сүт безі обырына қарсы тексеру 40–70 жас аралығында, онкологтың бақылауында болмаса да жүргізіледі. Ал 50–70 жас аралығындағы ерлер мен әйелдерге, ішек аурулары жоқ және есепте тұрмаған жағдайда, жұп жылдары колоректалды қатерлі ісікке тексеру жүргізіледі.

Сонымен қатар, В және С вирустық гепатиттеріне қарсы скрининг қауіп тобына кіретін адамдар арасында өткізіледі. Олардың қатарына: хирургия, гинекология, стоматология, қан қызметі мен зертхана қызметкерлері сияқты медициналық мамандар; жоспарлы немесе шұғыл операцияға дайындалып жатқан науқастар; гемодиализ, гематология, онкология және трансплантология бөлімшелерінде ем қабылдап жатқан адамдар; қан құйғызатын немесе ағза, тін және жасуша трансплантациясын өткерген пациенттер жатады.

Сонымен қатар, әрбір жүкті әйел міндетті түрде тексеруден өтеді, сондай-ақ жұқтыру қаупі жоғары осал топ өкілдері де қамтылады.

Скринингтен уақытылы өту – денсаулықты сақтап қалудың шешуші факторы болуы мүмкін. Өзіңізді күтіңіз және маңызды тексеруді кейінге қалдырмаңыз. Есіңізде болсын, ерте анықталған ауруды емдеу жеңіл болады және көбінесе сәтті аяқталады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.

СЕМИНАР

«АДАЛ АЗАМАТ»:

Алматыда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және жеке қасиеттерін дамыту бағдарында кеңес өтті

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы Нұржан Узбеханов және Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Анар Есмағанбетова Алматы бөлімшелік көліктегі санитариялық–эпидемиялогиялық бақылау басқармасының қызметкерлерімен семинар-кездесу өткізді.

Жиында Басқарманың барлық мемлекеттік қызметшілері қатысты. Кездесу барысында «Адал азамат» идеяларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және жеке қасиеттерін дамыту мәселесіне баса назар аударылды.

Спикердің айтуынша, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, ұжымның ішінде мемлекеттік қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және оған қолсұғушылықтың кез келген нысандарын болғызбайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасау аса маңызды. Мемлекеттік қызметтегі шектеулер, оның ішінде лудомания және тағы да басқа мәселелер қашанда маңыз берілуі тиіс жайттар. Ол мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігіне де тоқталып, әсіресе, басқа мемлекеттік саяси немесе әкімшілік лауазымға орналасқан мемлекеттік қызметшінің алдыңғы мемлекеттік лауазымда тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тәртіптік жауаптылыққа тартылуы тиіс екенін, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптік жаза қолдану мерзімдері ескерілетінін баса белгіледі.

Кездесу барысында қызметкерлер тарапынан мемлекеттік қызмет саласындағы заңнама талаптарына қатысы бірқатар сұрақтар көтеріліп, нақты кейстер талқыланып, қойылған сұрақтарға толық түсіндірмелер ұсынылды. Бұдан бөлек, кездесу барысында Агенттік төрағасының және Мәдениет және ақпарат министрінің бірлескен бұйрығымен бекітілген 2025–2027 жылдарға арналған «Адал азамат» идеалдарына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және жеке қасиеттерін ілгерілету жөніндегі Жол картасы түсіндірілді.

Семинар барысында Мемлекеттік қызметке кіру тәртібінің жаңа форматы туралы және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» Заңының 16 бабына енгізілген өзгерістер түсіндірілді. Алдағы уақытта түсіндіру жұмыстары жалғасатын болады.

Н.УЗБЕХАНОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы.
А.ЕСМАҒАНБЕТОВА,
Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

КЕЗДЕСУ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаменті жоғары оқу орындарының студенттерімен жүйелі түрде кездесулер ұйымдастыруда. Бұл жұмыстар жастарды мемлекеттік қызметке орналасу тәртібімен және соңғы енгізілген жаңалықтармен таныстыруға бағытталған.

Жаңа жоба – жас мамандарға қолдау
Жобаға сәйкес, қазақстандық жоғары оқу орындарын бітірген түлектерге ерекше мүмкіндік берілуде. Енді олар оқуын аяқтаған соң бір жыл ішінде еліміздің өңірлеріндегі кейбір төменгі әкімшілік лауазымдарға конкурстан тыс жолмен орналасуға құқылы.

Бұл жаңашылдық жастарға алғашқы еңбек жолын жеңілдетіп қана қоймай, мемлекеттік қызметтің қыр-сырын тәжірибе жүзінде меңгеруге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, аймақтардағы кадр тапшылығын азайтып, мемлекеттік органдардың жұмыс сапасын арттыруға ықпал етеді.

Ашықтық пен әділдік
Мұндай пилоттық жобалар мемлекеттік қызметтің барынша тартымды етіп, жастарға тең мүмкіндік беруді көздейді. Сонымен бірге, болашақта конкурстық рәсімдерге қатысқанда олардың тәжірибесі артықшылыққа айналады.

Кездесулер жалғасады
Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Сондықтан біз олардың мемлекеттік қызметке қызығушылығын арттыруға және кәсіби тұрғыда дамуына жағдай жасауға тиіспіз.

Жаңа оқу жылы басталысымен Қазақ–Америка университетінің студенттерімен кездесу өткізілсе, қыркүйек айының соңына дейін Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің және Абылай хан атындағы қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің жастарымен кездесу жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, жыл соңына дейін және оқу жылы аяқталғанша Департамент қызметкерлерінің ұйымдастыруымен кездесулер жалғасады.

А.ЕСМАҒАНБЕТОВА,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы.

МОНИТОРИНГ

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ РЕЖИМІН САҚТАУ

қатаң бақылауда

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті мемлекеттік органдар қызметшілерінің жұмыс уақыты режимін сақтауы бойынша тұрақты түрде мониторинг жүргізеді.

Қала бойынша 71 мемлекеттік органның тек 39-ында ҚЕБЖ (ЖАО-13, АО-26) орнатылған, әрі олардың 11-і «Е – қызмет» жүйесімен интеграцияланған (ЖАО-3, АО-8). ҚЕБЖ жүйесімен толық жабдықтауды қамтамасыз етудегі қиындықтар қаржылық мәселелерден туындайды.

Агенттік төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы №121 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларының» талаптары негізінде Департамент тиісті іс-шаралар жүргізеді.

2025 жылға бекітілген жоспарға сәйкес қаланың 19 мемлекеттік органында мониторинг жүргізілді. Нәтижелері бойынша Департамент мамандары тиісті актілер жасады. 48 мемлекеттік қызметшінің жұмыстан тыс уақытта болу фактілері анықталды. Барлық мемлекеттік қызметшілердің құқықтары қосымша демалыс уақытын беру арқылы қалпына келтірілді (барлығы 63 сағат 10 минут). Сондай-ақ, қашықтықтан мониторинг жүргізу арқылы 44 мемлекеттік қызметшінің жұмыс уақыты сақталмағаны анықталды. Барлық мемлекеттік қызметші-

БАҚЫЛАУ

КЛИЕНТКЕ БАҒДАРЛАНУ – мемлекеттік қызметшілер үшін басты талап

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттырудың маңызды құралдарының бірі – олардың көрсетілу барысын бақылау. Бұл механизм азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы кезінде ашықтық пен заңдылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаменті қызметті ұсынушылар тарапынан көрсетілетін қызмет сапасының жай-күйін зерделеу бағытында тұрақты түрде жұмыс жүргізуде. Бұл ретте жүйелі мәселелерге де, азаматтардың нақты өтініштеріне де назар аударылады.

Мәселен, С. деген азаматтың шағымын қарау барысында Департамент жергілікті атқарушы органның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін қаншалықты сақтағанын тексерді. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушілер мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындейтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сай мемлекеттік қызмет көрсетуге міндетті.

«ХАЛЫҚ ҮНІНЕ ҚҰЛАҚ АСАТЫН МЕМЛЕКЕТ»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ HR-ПРОЦЕСТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттік аппараттың кәсібилендіру, заманауи HR-технологияларды енгізу және процестерді цифрландыру көзделген. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаына сәйкес келеді.

Мемлекеттік қызметтегі HR процестерін тиімді басқару көбінесе кадрлық қызметтеріне байланысты. Бүгінде мемлекеттік қызметке персоналды басқаруға екі мыңға жуық қызметкер жұмылдырылған. Алайда, бұл салада бейінді білімі бар мамандар іс жүзінде жоқ. Олардың жұмысы негізінен кадрлық әкімшілендіруге бағытталған, ал бұл өз кезегінде олардың жұмысының көп бөлігін алады.

Осыған байланысты персоналды басқару қызметтерінің қызметін стратегиялық кадрлық жоспарлауды іске асыруға, сондай-ақ құзыретті кадрларды тартуға және ұстап қалуға қайта бағдарлау өте маңызды болып отыр. Ол үшін операциялық функциялардың көлемін, оның ішінде автоматтандыру есебінен қысқарту, қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру қажет. Бұл әкімшіліктен адам ресурстарын стратегиялық басқаруға көшуге ықпал етеді.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап персоналды басқару қызметінің (HR-қызмет) басшысы үшін персоналды басқару жөніндегі сертификаттың (HR-сертификаттың) немесе персоналды басқару саласындағы білімі туралы құжаттың болуы міндетті екенін өткен жөн. Бұл талап мамандардың біліктілігін арттыруға және кадр саласындағы басшыларға қойылатын талаптарды стандарттауға бағытталған.

Персоналды сертификаттау персоналдың сапалық сипаттамаларының (білімі, кәсіби құзыреттілік деңгейі) отандық (халықаралық) стандарттардың талаптарына сәйкестігін белгілейді, оның мүмкіндіктерін тиісінше айқындайды және адам ресурстарын басқару саласында нақты іс-қимылдарды жүзеге асырады.

Бұл сертификат персоналды басқару саласындағы ұлттық стандарттар мен заңнаманың талаптарын іс жүзінде қолдану дағдылары мен қабілеттерін сипаттайды. Персоналды басқару саласындағы базалық санаттарды түсіну, персоналды басқару саласындағы рөлдерді, жауапкершілікті, міндеттемелерді және есептілікті, персоналды басқаруды ұйымдық қажеттіліктермен үйлестіруді жетік біледі. Кадр резервін қалыптастыру, оқыту және жаңа қызметкерлерді пайдалануға беру процестеріне қатысуға дайын болуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, кадрларды іріктеу шығындарын анықтау және жоспарлау мүмкіндігі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасы.

ИНСТИТУТ

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауы – маңызды талап

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Әдеп жөніндегі уәкіл туралы Ережеге сәйкес, Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (бұдан әрі – Әдеп кодексі) бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Әдеп кодексін, осы Ережені, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерін басшылыққа алады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтің сапасы мен беделі қоғамның мемлекеттік билік институттарына деген сенімімен тікелей байланысты. Осыған орай мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауы – маңызды талап. Мемлекеттік қызмет жүйесінде аталған бағытты қамтамасыз ету мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл институты құрылған. Бұл институт мемлекеттік аппараттағы тәртіп пен мәдениетті нығайтуға, сондай-ақ қоғам тарапынан сенімді арттыруға бағытталған.

Алматы қаласының мемлекеттік органдарында Әдеп жөніндегі уәкілдің функциясын 33 мемлекеттік қызметші атқарады:

- 1 – Алматы қаласы әкімі аппаратының органдарында Әдеп жөніндегі уәкілдің қербес лауазымы;
- 22 – аумақтық мемлекеттік органдарда;
- 10 – аудандық деңгейде.

Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі мынадай негізгі бағыттарды қамтиды:

1. Кеңес беру және түсіндіру қызметі. Мемлекеттік қызметшілерге



alatauaqparat@gmail.com

лердің құқықтары демалыс уақытын беру арқылы қалпына келтірілді (барлығы 113 сағат 42 минут). Азаматтардың өтініштері бойынша 3 жоспардан тыс тексеру жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша 5 қызметкер жұмыс уақыты режимін сақтамағаны анықталды.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары демалыс сағаттарын (20 сағат 52 минут) беру және мемлекеттік органдар басшыларының әкімшілік жауапкершілігін қарау арқылы қалпына келтірілді.

Айта кету керек, Департамент жүргізіп жатқан жұмыстардың нәтижесінде жұмыс уақытын бұзу саны 150 мемлекеттік қызметшіден 82-ге дейін, ал артық жұмыс сағаттары 565 сағаттан 130 сағатқа дейін азайды.

Мемлекеттік қызметшілерді жұмыстан тыс уақытта жұмысқа тарту фактілерінің алдын алу мақсатында Департамент мемлекеттік органдардың кадр қызметі қызметкерлерімен және Әдеп жөніндегі уәкілдермен тұрақты негізде түсіндіру іс-шараларын жүргізеді.

Сондай-ақ, екінші жартыжылдыққа мониторинг жоспары бекітілді, онда 18 мемлекеттік органды қамту жоспарлануда. Аталған бағытта жұмыс жалғасатын болады.

Н.С.ӘУЕЗОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы.

Алайда, жоспардан тыс тексеру нәтижесінде Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы қызметкерлерінің әрекеттерінде бұзушылық анықталды.

Департаменттің жіті тексеруінің нәтижесінде Алматы қаласы әкімдігінің қаулысымен Медеу ауданынан жер учаскесін алған кезде құқы бұзылған С. деген азаматтың құқығы қалпына келтірілді. Ал бұзушылыққа жол берген мемлекеттік орган қызметкерлерін жауапқа тарту туралы ұсыныс жіберілді. Бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қалпына келтіру мәселесі Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік қызмет істері департаментінде ерекше бақылауда.

А.АЙДОСҰЛЫ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ HR-ПРОЦЕСТЕРДІ ТИІМДІ БАСҚАРУ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында мемлекеттік аппараттың кәсібилендіру, заманауи HR-технологияларды енгізу және процестерді цифрландыру көзделген. Бұл «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаына сәйкес келеді.

Мемлекеттік қызметтегі HR процестерін тиімді басқару көбінесе кадрлық қызметтеріне байланысты. Бүгінде мемлекеттік қызметке персоналды басқаруға екі мыңға жуық қызметкер жұмылдырылған. Алайда, бұл салада бейінді білімі бар мамандар іс жүзінде жоқ. Олардың жұмысы негізінен кадрлық әкімшілендіруге бағытталған, ал бұл өз кезегінде олардың жұмысының көп бөлігін алады.

Осыған байланысты персоналды басқару қызметтерінің қызметін стратегиялық кадрлық жоспарлауды іске асыруға, сондай-ақ құзыретті кадрларды тартуға және ұстап қалуға қайта бағдарлау өте маңызды болып отыр. Ол үшін операциялық функциялардың көлемін, оның ішінде автоматтандыру есебінен қысқарту, қызметкерлердің құзыреттілік деңгейін арттыру қажет. Бұл әкімшіліктен адам ресурстарын стратегиялық басқаруға көшуге ықпал етеді.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап персоналды басқару қызметінің (HR-қызмет) басшысы үшін персоналды басқару жөніндегі сертификаттың (HR-сертификаттың) немесе персоналды басқару саласындағы білімі туралы құжаттың болуы міндетті екенін өткен жөн. Бұл талап мамандардың біліктілігін арттыруға және кадр саласындағы басшыларға қойылатын талаптарды стандарттауға бағытталған.

Персоналды сертификаттау персоналдың сапалық сипаттамаларының (білімі, кәсіби құзыреттілік деңгейі) отандық (халықаралық) стандарттардың талаптарына сәйкестігін белгілейді, оның мүмкіндіктерін тиісінше айқындайды және адам ресурстарын басқару саласында нақты іс-қимылдарды жүзеге асырады.

Бұл сертификат персоналды басқару саласындағы ұлттық стандарттар мен заңнаманың талаптарын іс жүзінде қолдану дағдылары мен қабілеттерін сипаттайды. Персоналды басқару саласындағы базалық санаттарды түсіну, персоналды басқару саласындағы рөлдерді, жауапкершілікті, міндеттемелерді және есептілікті, персоналды басқаруды ұйымдық қажеттіліктермен үйлестіруді жетік біледі. Кадр резервін қалыптастыру, оқыту және жаңа қызметкерлерді пайдалануға беру процестеріне қатысуға дайын болуға септігін тигізеді. Сондай-ақ, кадрларды іріктеу шығындарын анықтау және жоспарлау мүмкіндігі.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаменті Мемлекеттік қызмет басқармасы.

ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ

мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауы – маңызды талап

Әдеп нормаларын сақтау, мінез-құлық стандарттарын дұрыс қолдану мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетеді.

2. Қадағалау және мониторинг. Әдеп кодексінің талаптарын сақтау барысына бақылау жүргізеді және анықталған бұзушылықтар туралы тиісті шаралар қабылдайды.

3. Дау-дамайларды реттеу. Ұжым ішінде туындаған әдепке қатысты мәселелерді қарастырады, тараптарды келісімге шақырып, бейтарап шешімдер қабылдауға ықпал етеді.

4. Алдын алу шаралары. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету, әдепке қайшы әрекеттердің алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады.

5. Ұжымдық ахуалды нығайту. Мемлекеттік қызметшілер арасында сенімді қарым-қатынас орнатуға, моральдық-психологиялық жағдайды жақсартуға жағдай жасайды.

Әдеп жөніндегі уәкілдің қызметі мемлекеттік аппараттағы тәртіптің нығаюына және мемлекеттік қызметшілердің кәсіби этикасының жоғарылауына ықпал етеді. Оның қызметі нәтижесінде:

- мемлекеттік қызметтің беделі артады;
- халықтың билік институттарына деген сенімі күшейеді;
- мемлекеттік қызметшілер арасында заңдылық пен әдептілік принципі орнығады;
- еңбек ұжымдарында жағымды ахуал қалыптасады.
- Әдеп жөніндегі уәкіл – мемлекеттік қызмет жүйесіндегі маңызды институт. Ол мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтауға бағытталған іс-шараларды үйлестіреді, заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз етеді. Осы институттың тиімді қызметі мемлекеттік аппараттың имиджін нығайтып, қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік береді. Департамент Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмысын тұрақты түрде үйлестіріп отырады.

Д.ОЛЖАБАЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің бас маманы.



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 8 қыркүйектегі
№3/470-1187 қаулысы

**Жер учаскелерін шектеулі пайдалану құқығын
белгілеу туралы (жария сервитут)**

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 16 және 69-баптарына сәйкес, «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 5 қыркүйектегі №69-К хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2027 жылдың соңына дейін құрылыс кезеңінде «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүддесінде сыртқы газбен жабдықтау желілерін шығару үшін Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы, 124 А учаске мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,0308 га, кадастрлық нөмірі 20-315-062-224, жер учаскесін меншік иесінен (жер пайдаланушыдан) алып қоюсыз жария сервитуттың шекара жоспарына сәйкес шектеулі пайдалану (жария сервитут) құқығы белгіленсін.

2. «Алматы қаласы Құрылыс басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жер учаскесінің меншік иесін (жер пайдаланушыны) шектеулі пайдалану құқығының (жария сервитут) белгіленгені туралы және аталған жер учаскесінде құрылыс жұмыстарын бастау мерзімдері туралы хабардар етсін.

3. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

2) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ЖАРИЯ СЕРВИТУТТЫҢ ЖОБАЛЫҚ ШЕКАРАЛАРЫ

Алматы қаласы, Медеу ауданы, Құлжа тас жолы
Сыртқы газбен жабдықтау желілерін шығару үшін жария сервитут



Масштаб 1:2000

Шартты белгілер:

□ - жария сервитуттың жобалық шекаралары
20-315-062-224 ауданы - 0,0308 га

ТОСЫН ОҚИҒА

Алматыда 16 қыркүйекте жауған толассыз нөсер салдарынан кейбір көшелерде уақытша қолайсыздықтар туындады. Әсіресе, құрылыс жұмыстары толық аяқталмаған аумақтарда топырақ жабындылары шайылып, көліктерге зақым келген. Қала билігі мен мердігер ұйымдар оқиға салдарымен күресуге дереу кірісті.

Дана
САДЫРҚАН

Әуезов ауданындағы Аманжол көшесінде табиғаттың тосын мінезінен кейін орын алған оқиға салдарынан уақытша топырақ жабындыларының опырылуынан 13 көлік зақымданған. Қатты нөсерлі жауын асфальт төселмеген жердің топырағын шайып, қазылған құбыр орындарына салмақ түсірген. Мәселенің жай-жапсарын мердігер ұйым өкілдері түсіндіріп, жауапкершілікті өз мойнына алатынын мәлімдеді.

Аманжол көшесінің тұрғыны

Баймұхамет Отаршиевтің айтуынша, мердігер ұйымдар былтырдан бері жұмыс істеп келген. «Негізінде құрылысшылар өздеріне артылған жұмыстарды орындады. Ауа райының тосын мінезі ғой, әрине, тұрғындар үшін оңай жағдай емес. Көшемізде мұндай жағдай алғаш рет болып отыр», – деді ол.

Жағдай әкімдік бақылауында. Көшеде көліктерді эвакуациялау жұмыстары жүргізіліп, топырақты шығару және жолды толық тазалау қолға алынды. Балласт төсеу арқылы уақытша қауіпсіздік шаралары жасалуда.

«Асфальтбетон жамылғысын қалпына келтіру уақытша кейінге қалдырылды. Бұл QazaqGaz АҚ тапсырысымен 300 мм диаметрлі болат газ құбырын тарту жоспарына байланысты қабылданған шешім еді. Жол төсемін қайта қазудан және тұрғындарға қолайсыздық туғызудан сақтану үшін қалпына келтіру жұмыстары газ құбыры төселгеннен кейін жасалуға тиіс болатын. Алайда, жауын суы арық

ХАБАРЛАНДЫРУ

**Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит
департаментінің 2025 жылдың 8 айдағы әкімшілік
практикасының қорытындылары**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тұрақты негізде қаржылық бақылау саласындағы бұзушылықтарды анықтау, сондай-ақ мемлекеттік бюджет кірісіне әкімшілік айыппұлдар сомаларын өтеуді қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізеді.

2025 жылдың 8 айында Департаментпен **507 әкімшілік хаттама** жасалды, оның ішінде:

● **351 хаттама** – Мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзғаны үшін (ҚР ӘҚБтК 207-бабы);

● **62 хаттама** – бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнаманы бұзғаны үшін (ҚР ӘҚБтК 238, 239-баптары);

● **16 хаттама** – салықтар бойынша аудит және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы аудитін жүргізу кезінде аудиторлық ұйымдардың жол берген бұзушылықтары үшін (ҚР ӘҚБтК 246, 247-баптары);

● **78 хаттама** – мемлекеттік инспекциялар мен бақылау және қадағалау органдарының лауазымды тұлғаларына кедергі келтіргені үшін, сондай-ақ ұйғарымдар мен қаулылардың орындалмағаны үшін (ҚР ӘҚБтК 462-бабы).

Әкімшілік практика нәтижелері бойынша есепті кезеңде жалпы сомасы 59 620 012 теңгеге айыппұл салынды, оның 59 600 352 теңгесі бюджет кірісіне өндіріліп алынды.

Департамент ҚР ӘҚБтК 810 және 811-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қысқартылған іс жүргізу нормаларын белсенді қолданады. Бұл құқық бұзушыларға қаулы шығарылған сәттен бастап **жеті тәулік** ішінде **белгіленген соманың 50% мөлшерінде** айыппұл төлеуге мүмкіндік береді, осылайша өндіріп алу процесін жеделдетеді және әкімшілік жүйеге жүктемені азайтады.

Жүргізіліп жатқан жұмыс бюджеттік процеске қатысушылар арасында қаржылық тәртіп пен құқықтық сананы арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік қаражаттың тиімді жұмсалуды қамтамасыз етуге бағытталған.

КОЛЛЕДЖ

«Алматы қаласы Білім басқармасы» КММ мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымдық орындарына конкурс жариялайды:

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы электромеханика колледжі» КМҚК басшысы.

Заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Түркебаев көшесі, 257-үй.

Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекенжайлары: +7 707 358 32 42. Электрондық адрес: service.ok.2@mail.ru.

Толық ақпаратты www.aqshamnews.kz сайтынан оқыңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ: қолайсыздықтар реттелуде

жүйесі арқылы осы көшеге жиналып, жол төсеміне түсетін салмақты арттырды. Бұған қоса, инженерлік желілерді алты метр тереңдікте жүргізу топырақ қабатын жұмсартты. Қатты жауған нөсер нәтижесінде жол жабыны шөгіп, 13 автокөлікке зақым келді», – делінген Алматы қаласы әкімдігі баспасөз қызметінің ресми мәлімдемесінде.

Қазір әкімдік пен мердігер ком-

пания жағдайды толық бақылауға алып, зақымдарды қалпына келтірумен қатар, мұндай төтенше жағдайлардың алдын алу үшін қосымша инженерлік қауіпсіздік шараларын әзірлеуде. Арнайы комиссия жұмыс істеп, арық жүйесін кеңейту, уақытша жабындарды нығайту және құрылыс жұмыстарының мерзімін жеделдету жоспары қарастырылуда.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Ермек ЖҰМАҒАЛИЕВ,
Инженерлік және жол инфрақұрылымы бөлімінің
басшысы:**

– 2024 жылы Әуезов ауданы әкімдігінің тапсырысымен «Спецстрой Групп ЛТД» ЖШС осы жобаны бастаған еді. 2 қыркүйекте барлық құрылыс жұмысын аяқтағанбыз. Тапсырыс беруші QazaqGaz АҚ мердігер ұйымы газ құбырларын салу керек болатын. Әзірге олардың құрылыс жұмыстары толық аяқталмағандықтан асфальт жабыны төселмеді. Нөсерлі жаңбырдан кейін жер жабыны 20–30 сантиметрге дейін түсіп кеткен. Зақым келген көліктерге мердігер ұйым өз тарапынан жауапты. Жоспар бойынша жоба құрылысы қазанның аяғына дейін аяқталуы тиіс.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.**

**ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША
ШАҒЫМДАР БОЛСА...**

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден
18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет аптасына 2 рет,
сейсенбі және жұма күндері
шығарылады.
Нөмірдің таралымы –
13 260 дана (жұма)**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШ**

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Оффсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



МӘДЕНИ БАҒДАРЛАМА

МЕГАПОЛИС МЕРЕКЕСІ

Алматыда Қала күнінде қайда баруға болады?

(Басы 1-бетте)

19 қыркүйек күні сағат 18.00-де Республика сарайының алдындағы Абай алаңында «Ән қанатындағы Алматы» атты дәстүрлі музыка кеші өтеді. Бұл – рух пен мұраның шынайы салтанаты. Сахнаға қазақ дәстүрлі өнерінің өкілдері Рамазан Стамғазиев, Сәуле Жанпейісова, Еркін Шүкіманов, Ардақ Исатаева және басқа да өнер майталмандары, сондай-ақ «Сазген сазы» фольклорлық-этнографиялық ансамблі шығады. Артистер көрерменге ән, терме, жыр мен күй ұсынылып, қазақ халқының ұлттық музыкалық мұрасының сұлулығы мен тереңдігінен сыр шертеді. Бұл халқымыздың әлемдік өркениетке қосқан орасан үлесі ретінде көрініс табады. Іс-шараға кіру – тегін.

Абай алаңында «QAZAQSHNA терапия» заманауи әрі жарқын жобасы көрерменге «Ғасырлар үні» атты театрландырылған концерттік спектакль ұсынады. 19 қыркүйек күні сағат 19.30-ға жобаланған бұл кеште әрбір әуен ұлттық болмысты оятып, ішкі үйлесімділікке жетелейді. Жоба авторлары – белгілі актер Әсет Есжан және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының артистері. Ұлттық мәдениет пен заманауи көркемдік шешімдер тоғысатын бұл шоу ерекше оқиғаға айналмақ. Артистер әр көрерменге ұлттық өнердің болашаққа сенімді әрі нық қадам басып келе жатқанын бірегей форматта көрсетуді мақсат етеді. Іс-шараға кіру – тегін.

Алматының мәдени келбеті айшықталады

20 қыркүйек күні сағат 18.00-де «Көк-төбе» саябағында «Көк-Төбе Опера – 2025» халықаралық классикалық музыка фестивалі өтеді. Алматылықтар мен қала қонақтары ұлттық музыка өнерінің жауһарлары мен әлемдік классикалық өнердің алтын қорына енген туындыларды тыңдап, артистердің ерекше өнерін тамашалай алады. Іс-шараға кіру – тегін.

20 қыркүйек күні сағат 16.30-да ҚБТУ ғимараты алдындағы Астана алаңында Almaty Cover Show атты ауқымды

музыкалық іс-шара өтеді. Әншілер 90-жылдар мен 2000 жылдардың хиттерін жаңа үлгіде орындап, хит-парадты бағындырған заманауи әндерді де ұсынады. Кештің басты хедлайнері – Ninety One тобы. Сондай-ақ, сахнада ADAM, GETTO DOGS, «Азия» тобы, Бақыт Шадаева, Qali, MATIN, Зарина Омарова, Арман Қоңыр мен Аша Матай, Ерлан Көкеев, Сейфуллин Жолбарыс, Жеңіс Ысқақова, Жазира мен Жанболат, Мөлдір Әуелбекова, Бағым Мұхитденова, Тоқтар мен Бейбіт, Мұхтар Ханзада және басқа да көптеген танымал әншілер өнер көрсетеді. Almaty Cover Show – классика, ретро және заманауи әуендер тоғысқан нағыз музыкалық марафон. Іс-шараға кіру – тегін.

20-21 қыркүйек күндері сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін Алматының Арбатында жыл сайынғы KitapFest фестивалі өтеді. Бұл баспаларды, жазушылар мен мыңдаған оқырманның басын қосатын ең ірі әдеби оқиға. Алпысқа жуық баспа мен кітап дүкендері қатысатын жәрмеңкеде қонақтар кітаптарды жеңілдікпен сатып алып, жаңа басылымдармен танысып, авторлармен тілдесе алады. Мерекелік атмосфераны заманауи интерактивті аймақтар толықтырады: TrendZone – TikTok, Instagram және YouTube стилінде, ал Estelik Zone – «Ер Төстік», «Алиса ғажайыптар елінде», «Дюна», «Кариб теңізінің қарақшылары» және басқа да аңызға айналған шығармалар желісімен жасалған фотолокациялар ұсынылады. Балалар үшін қызықты квесттер дайындалған: «Мұзды өлке» («Холодное сердце»), «Қызыл телпек», қазақ ертегісі «Қошқар мен Теке: жоғалған қазына» және «Шоколад фабрикасының құпиялары» желісі бойынша. KitapFest – бұл жәй ғана кітап жәрмеңкесі емес, бұл – екі күнге созылатын отбасылық заманауи шығармашылық алаңы. Іс-шараға кіру – тегін.

Панфилов көшесі цифрлық әлемге айналады

21 қыркүйек күні сағат 10.30-да ҚБТУ ғимараты алдындағы Астана алаңында мерекелік концерт басталады. Сахнада



Роза Рымбаева, аңызға айналған «Дос-Мұқасан» ансамблі, Зарина Алтынбаева, Жәмила Серкебаева, Біржан Хасанғалиев, Бауыржан Мусин, Аружан Данышпан, Ерлан Байназаров, Әли Оқапов пен Мәди Рымбаев, Il canto квартеті, «ЖасStars» тобы, «Жаңа толқын-2025» байқауының жеңімпазы Александр Лим, Диана мен Ален Самыкеновтер, Төлеген Рахымбаев және басқа да артистер өнер көрсетеді. Іс-шараға кіру – тегін.

21 қыркүйек күні сағат 17.00-де ҚБТУ алдындағы Астана алаңында «Aspan FM» музыкалық фестивалі басталады. Қала күніне орай көпшіліктің сүйікті радиостанциясы – «Aspan FM» және қала әкімдігі танымал артистермен бірге алматылықтар мен қала қонақтарына ұмытылмас көңіл күй сыйлайды. Фестиваль барысында артистер қызыл кілем үстімен жүріп өтеді. Сахнада Қайрат Нұртас, TURAR, bellucci, «МұзАрт» тобы, Бүркіт пен Айша, Медеу Арынбаев, Тамара Асар, Құрмаш Маханов, Бағлан Әбдірайымов, Кеңес Әлімжан, BYTANAT, Еркеш Хасен, Ақылбек Жеменей, Алан Черкасов, Асхат Тарғын, Өмірқұл Айниязов, Заттыбек Көпбосынұлы, Райым Уайс, INJU, Әзиз Балтабекұлы, Ұлжан Ағлақова, Жәнібек Бестерек, DARO, Аян Байжігіт, DONY, Асыл Ұлықман, Ерболат Ержанбаев, Гүлнұр Оразымбетова, Ақбота Керімбекова, Бақыт Тұрман, сондай-ақ «МузАрт Лайф», «JasStars», «Алашұлы» топтары және басқа да танымал орындаушылар өнер көрсетеді. FK KAIRAT балалар хорының сахнаға шығып, әйгілі әртістермен бірге өнер көрсетуі кештің көрігін қыздырмақ. Іс-шараға кіру – тегін.

21 қыркүйек күні сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін Панфилов жаяу жүргіншілер көшесінде ауқымды Digital Fest Almaty цифрлық фестивалі өтеді. Мәдениет саласындағы мәдени іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізу барысында жасанды интеллект құралдары күн санап кеңінен қолданылып келеді, ал мұндай мереке қала тұрғындарын жаңа цифрлық шешімдермен таныстыратын бірегей алаңға айналуға. Биыл да дәстүрге сай Панфилов көшесі инновация орталығына айналып, әрбір жан цифрландырудың мүмкіндіктерін көріп, сезіне алады.

Қонақтарды «Болашақ сферасы», «Цифрлық алма», VR-көзілдірігі арқылы түрлі ойындар, «Калейдоскоп» фотозонасы және басқа да қызықты digital-алаңдар күтеді. Панфилов көшесінде робот-суретші қонақтардың портреттерін салады, робот-фотограф пен робот-оператор мерекелік атмосфераны нақты уақыт режимінде түсіріп отырады. Осындай цифрлық кейіпкерлер фестивальді көрнекі ғана емес, барынша интерактивті етеді. Фестиваль отбасыны, жастар мен технология саласының мамандарын және бүгіннен-ақ болашақ әлеміне қадам жасағысы келетіндерді біріктіреді. Іс-шараға кіру – тегін.

Тұңғыш Президент саябағы: Алма фестивалі және әсерлі цирк шоуы

21 қыркүйек күні сағат 10.00-ден 21.00-ге дейін Тұңғыш Президент саябағында «Alma Fest – 2025» алма фестивалі өтеді. Дәстүр бойынша саябақ аумағы молшылық пен ұлттық дәстүрлердің ауқымды мерекесіне айналады. Қонақтар үшін алма жәрмеңкесі, этноаймақ, қолөнер және гастрономиялық алаңдар, балмұздақ фестивалі, ашық аспан астындағы кинотеатр және басқа да қызықты іс-шара ұйымдастырылады. Фермерлер 100 тонна алма алып келеді.

Күні бойы DJ Dimash, DJ Angel, DJ Akhmetoff және DJ Big Boy сынды танымал диджейлер әуенмен әрлейді. Мерекенің шарықтау шегі деп үлкен концертті айтуға болады. Сахнада Әли Оқапов, QANAY, Еркеш Хасен, Royals Band, Talisman Band, ADEMI, BONAPART, ASTRA, Akimmich, Kesh You, Aya Funk, COLORIT, IONE және From.KZ өнер көрсетеді. Alma Fest – музыка, дәстүр, гастрономия және ашық аспан астындағы отбасылық демалысты тоғыстыратын күздің ең жарқын оқиғаларының бірі болмақ. Іс-шараға кіру тегін.

21 қыркүйек күні сағат 12.00 мен 15.00-де Тұңғыш Президент саябағында алматылықтар мен қала қонақтарын әсерлі цирк шоуы күтеді. Ол үшін саябақта арнайы Шапито орнатылады. Акробаттар, әуе гимнасттары, жонглерлер, шебер эквилибристер және көңілді сайқымазақтар өнер көрсетіп, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Билеттерді іс-шара күні шатыр жанындағы кассадан алуға болады. Бағасы – 3000–4000 теңге аралығында.

● **Жалпы, Алматыда Қала күні аясында қаланың барлық ауданында экологиялық акция, жалпықалалық сенбілік, флешмоб, әр кітапханада әдеби кеш, музейлерде тақырыптық көрме өтеді.** Бұдан бөлек, әлеуметтік маңызы бар нысандардың ашылуы, спорттық жарыстар, мәдени және қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Іс-шаралар жоспарын Алматы қаласы әкімдігінің ресми сайтынан көруге болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ